



«ЭЙР АСТАНА»
ӘУЕ КОМПАНИЯСЫНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ – 2009

Концепция

2009 жылы Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетін, тарихи-мәдени мұрасын қайта жаңғырту және сақтауға бағытталған «Мәдени мұра» (2009-2011) мемлекеттік бағдарламасының 3-кезеңі басталды. Қазақстанның ұлттық әуе тасымалдаушысы –

«Эйр Астана» әуе компаниясы, мемлекеттіктің ажырамас бір бөлігі бола отырып, республиканы қоныстанған халықтардың дәстүрлері мен мәдениетін қайта жаңғыртуға бағытталған бастамаларға қолдау көрсетеді.

«Қошқар мүйіз»
өрнегі



«Арқар мүйіз»
өрнегі



«Бұғы мүйіз»
өрнегі



«Қырық мүйіз»
өрнегі



«Қос мүйіз»
өрнегі



«Сыңар мүйіз»
өрнегі




«Сынық мүйіз»
өрнегі





Логотип

«Эйр Астана» брендінің логотипі 2001 жылы жасалды. Логотипте бақыт пен аман-саулықтың нышаны, әрі қазақ оюлары өнерінің бастауы, негізгі элементі болып табылатын «қошқар мүйіз» өрнегі қолданылған. Өрнек компания логотипінің түстер палитрасымен сәтті үйлеседі. Логотиптегі түстер палитрасы Қазақстанның ұлттық рухын барынша білдіру үшін таңдалып алынған. Үстем ақ түс таулардың қарлы шыңдарының тазалығын, ал көк түс ашық, шексіз аспанды білдіреді. Қола және күміс түстер еліміздің байлығы мен көнелілікті білдіреді.



«Төртқұлақ» өрнегі

«Қошқар мүйіз» өрнегінің негізінде жасалған «төртқұлақ» өрнегі кеңістік мағынасына ие. Оның төрт жағы «дүниенің төрт торабын», әлемдік кеңістікті білдіреді. Осы тұрғыдан алып қарағанда «Эйр Астана» әуе компаниясының «Еуразия жүрегінен» деген ұранды таңдауы кездейсоқ емес. Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан Қазақстан жері шығысты батыспен, оңтүстікті солтүстікпен байланыстырып тұрған көпір іспеттес. Бір-біріне қарама-қарсы түстегі екі әшекей өрнектің ішкі және сыртқы жағына бағытталған сызықтармен бөлінген. Аман-саулық, беріктілік пен халықтар бірлігінің нышаны.

Ою-өрнектер

Ою-өрнектер – ежелгі халық өнері түрлерінің бірі. Қазіргі таңда өрнектер жасау сапа жағынан жаңа бай мазмұнмен және новаторлық ерекшеліктермен толығып, қазақ халқының рухани және материалдық мұрағатына айналды. Мүйіз тәріздес негізгі элементтер – қазақтардың мал шаруашылығы, аңшылық, жер шаруашылығы және көшпенді шаруашылығының бейнесі.

Зооморфтiк мотивтер – қазақ ою-өрнектерiнiң кең тараған түрi. Бұл – өнертану әдебиеттерiнде «қошқар

мүйiз» деген атаумен белгiлi мүйiз пішiндес сызықтар ғана емес, сонымен бiрге осы өрнектiң басқа түрлерi мен композициялары. Олар «қошқар мүйiз» өрнегiнiң негiзiнде жасалып, атауларын ғана өзгерткен: «қошқар мүйiз», «арқар мүйiз» және тағы басқалары.

Қазақтың ою-өрнектерiнде әр түстiң өзiндiк белгiсi бар: көк түс аспанды, ақ – қуаныш пен бақытты, сары – бiлiм мен данышпандықты, қызыл – от пен күндi, жасыл – жастық пен көктемдi, қара – жердi бiлдiредi. Өрнек шеңберлерi – ай, күн, аспан өлемiнiң нышандары.

«Қошқар мүйіз»
өрнегі



«Арқар мүйіз»
өрнегі




«Бұғы мүйіз»
өрнегі



«Қырық мүйіз»
өрнегі



«Қос мүйіз»
өрнегі



«Сыңар мүйіз»
өрнегі




«Сынық мүйіз»
өрнегі



Мазмұны

| | |
|--|----|
| «Эйр Астана» АҚ президентінің алғы сөзі | 5 |
| Өуе компания туралы..... | 7 |
| 1. Есептік 2009 жыл | 9 |
| 1.1. 2009 жылдағы қызметтің негізгі көрсеткіштері | 10 |
| 1.2. 2009 жылғы басым бағыттарды орындау нәтижелері | 13 |
| 1.3. 2009 жылдың негізгі оқиғалары..... | 15 |
| 2. Операциялық қауіпсіздік және ұшуларды ұйымдастыру | 19 |
| 3. Инженерлік-техникалық қамсыздандыру | 23 |
| 4. Борттық қызмет көрсету..... | 25 |
| 5. Сатулар және маркетинг. Кірістерді басқару..... | 27 |
| 6. Ақпараттық технологиялар саласындағы инновациялар | 31 |
| 7. Тәуекелдерді басқару | 33 |
| 8. Тұрақты даму | 35 |
| 8.1. Қызметкерлер | 35 |
| 8.2. Әлеуметтік жауапкершілік | 36 |
| 8.3. Қоршаған ортаны қорғау | 37 |
| 9. Корпоративтік басқару..... | 41 |
| 10. Акционерлер мен инвесторларға | 49 |
| 11. Қаржылық есептілік | 51 |
| 12. 2010 жылға арналған негізгі міндеттер | 57 |
| Қосымшалар..... | 58 |



«ҚОШҚАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.

БҰЛ ӨРНЕК – ҚАЗАҚ ОЮЛАРЫНЫҢ ӨТЕ БАЙЫРҒЫ
ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ БІРІ. КӨШПЕНДІ ТАЙПАЛАРДЫҢ
ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІНЕН ШЫҚҚАН. БАЙЛЫҚ ПЕН
БАҚЫТТЫҢ БЕЛГІСІ.



«Эйр Астана» АҚ президентінің алғы сөзі

Көптеген себептерге байланысты 2009 жылды тұрақсыз жыл болды деп айтуға болады. Ең негізгі себеп – жаңа замандағы ең ауыр экономикалық дағдарыстың ауыртпашылықтарына дәл «Эйр Астана» әуе компаниясы сияқты қарсы тұра алған әуе компаниялар кемдем. Басқа әуе тасымалдаушылар сияқты дағдарыс біздің табысымызға да кері ықпалын тигізіп, нәтижесінде табыс көрсеткіші 15 пайызға төмендеді. Осыған қарамастан, біз көптеген басқа әуе компанияларға қарағанда ілеспелі қаржы шығындарын жұмсаған жоқпыз. Керісінше, 2009 жыл таза пайда жағынан алғанда рекордтық жыл болды: таза табыс көлемі 48 миллион АҚШ долларын құрады; бұл 2007 жылғы рекордтық көрсеткішпен салыстырғанда 36%-ға артық. 2009 жылғы ақпан айындағы теңгенің құнсыздануынан кейін біз монетарлық активтерді қайта бағалау арқылы 7,5 миллион АҚШ доллары көлеміндегі оңтайлы бағам айырмашылығына қол жеткіздік; мұны есептемегеннің өзінде 2009 жыл бүкіл компания көлемінде орын алған шығындарды қысқартудың арқасында қол жеткізген рекордтық жыл болып, қысқартулардың есебін өнімнің өзіндік құны 20%-ға дейін төмендеді. Осындай нәтижеге әсер еткен негізгі факторлардың қатарына мыналар жатады: жергілікті мұнай өңдеу зауыттары және ҚР Үкіметімен әуежанармайды тікелей сатып алуға қатысты жүргізілген келіссөздердің арқасында әуежанармай бағасының айтарлықтай төмендеуі, Қазақстан мен Ресейдегі басты сату агенттіктерінің орнына әуе компанияның жеке брондау және сату кеңселерін дамыту, бағыттар желісін және әуе кемелерді пайдалануды оңтайландыру, кірістерді басқару және қосымша табыстар бағдарламасын енгізу, әуе кемелерін лизингке алу келісімшарттарын қайта қарастыру, әуе қатынасы құқықтарын қайта қарастыру, сондай-ақ бортта және жерде қызмет көрсету шығындарын азайту. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, осындай оңтайлы нәтижеге қол жеткізуге үлесін тигізген Қазақстан Республикасы Үкіметіне, акционерлеріміз – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен британдық BAE Systems компаниясына және 3000 адамнан тұратын «Эйр Астана» әуе компаниясының ұжымына алғыс білдіргім келеді.

Біз 2009 жылы сырттан келген қиындықтарға кез болдық. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – 2009 жылдың сәуір айындағы ИКАО Халықаралық азаматтық авиация ұйымының Қазақстанның авиация әкімшілігінің қадағалау функцияларына жүргізген аудиті. Аудиттің нәтижесінде 2009 жылдың шілде айында Еуропалық Одақ «Эйр Астана» акционерлік қоғамынан басқа барлық қазақстандық әуе компанияларды «қара тізімге» енгізді. Біз әуе компаниядағы бірегей реттеуші базаның, мінсіз абыройдың және компанияның барлық


деңгейінде ұшулар қауіпсіздігінің стандарттарына анық ұстанымдылықтың болуына байланысты Еуропалық Одаққа «Эйр Астана» әуе компаниясының «қара тізімнен» шығарылып, ұшуларды жалғастыру керектігін дәлелдей алдық. Әуе компанияның бұл мәртебесінің тұрақтылығы ұлттық және мемлекеттік деңгейдегі қадағалаудың жақсаруына ерекше байланысты. «Эйр Астана» әуе компаниясы орын алған қиындықтарды жоюда Азаматтық авиация комитетіне кәсіби көмек көрсетуін жалғастыруда және қазіргі таңда біздің мәртебеміз, күтпеген жағдайды есепке алмағанда, тұрақты қалпында қалып отыр. Біздің барлық өндірістік департаменттеріміз компанияның тұрақты жұмыс базасын қалыптастыруға маңызды үлестерін қосты, бірақ біздің позициямыздың объективті түрде танылуына атсалысқан корпоративтік қауіпсіздік департаментіне ерекше алғыс білдіргім келеді.

2009 жылы басқа да міндеттер болды. Олардың қатарында: Антимонополиялық агенттік және басқа үкімет мекемелерімен байланысты мәселелер, азаматтық авиация саласындағы жаңа жобасын қарастыру, авиациялық қауіпсіздік мәселелері, қаржылық есептілік, қызметкерлерді оқыту және дамыту, ақпараттық технологияларды дамыту, төтенше жағдайларға дайын болу жағдайы және Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде біздің абыройымызды үнемі жақсарту қажеттілігі. Сатып алу департаменті, жоспарлау департаменті, заң департаменті, бұқарамен байланыс департаменті, басқару есептілігі бөлімі, қызметкерлерді басқару департаменті, төтенше жағдайларда әрекет ету бөлімі, авиациялық қауіпсіздік қызметі, ақпараттық технологиялар және электрондық коммерция департаменті – барлығы 2009 жылы компанияның табысты нәтижелерге қол жеткізуінде маңызды рөл атқарды.

Әлемдік экономика тұрақсыз қалпында қалып отыр және 2010 жыл өсу мен даму үшін мүмкіндіктерге толы жыл болмақ. Осыған қарамастан, жергілікті және әлемдік экономикада белсенділік байқалуда, бұл, әсіресе, мұнай-газ секторында айқын байқалады. Әрине, «Эйр Астана» әуе компаниясы бұл процестердің оң әсерін сезінуде және біз көптеген рыноктарымызда экономикалық ахуалдың жақсарғанын байқаймыз. Әлемдік экономиканың қалпына келу барысына қарай бағалардың өсуі абзал, осыған қарамастан, біз соңғы екі жылда қол жеткізген тиімді қызмет қалпын сақтау және шығындарды қысқартуда жігерлене жұмыс атқаратын боламыз.

Ізгі ниетпен,
Питер Фостер





«ҚОШҚАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.

«ҚОШҚАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІМЕН ӘДЕТТЕ КОМПОЗИЦИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ БӨЛІГІ БЕЗЕНДІРЕДІ. КИІЗ БҮЙЫМДАРЫНДА (ТЕКЕМЕТ, СЫРМАҚ), ТОҚЫМАШЫЛЫҚТА (БАСҚҰР, АЛАША, КІЛЕМ), ТЕРІ, СҮЙЕК, АҒАШ ЖӘНЕ МЕТАЛДАН ЖАСАЛАТЫН БҮЙЫМДАРДА КЕЗДЕСЕДІ. ЭЛЕМЕНТТІІ СҮРЕТІ КЕЙБІР БҮЙЫМДАРДА АППЛИКАЦИЯ ТӘСІЛІМЕН БЕЙНЕЛЕНЕДІ.

Әуе компания туралы

| | |
|--|--|
| ИАТА коды: КС | ИКАО коды: KZR |
| Әуе кемелерін пайдаланушының куәлігі | АК-0388-09 |
| Құрылған күні | 14 қыркүйек 2001 ж. |
| Алғашқы ұшу | 15 мамыр 2002 ж. (Алматы – Астана рейсі) |
| Жиі ұшатын жолаушыларға арналған бонустық бағдарлама | Nomad Club |
| Жиі ұшатын жолаушылар бағдарламасы бойынша серіктес | Miles & More («Люфтганза» әуе компаниясы) |
| Әуе кемелер паркі | 21 |
| База | Астана және Алматы |
| Веб-сайт | www.airastana.com |

«Эйр Астана» АҚ (әрі қарай «әуе компания», «компания», «Қоғам») – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және британдық BAE Systems компаниясы бірлескен кәсіпорын. Акциялар бойынша қатысу үлесі сәйкесінше 51% және 49%-ға тең.

«Эйр Астана» әуе компаниясы Қазақстандағы 15 және шетелдегі 17 қалаға рейстер орындайды, ТМД аумағындағы ең жас әуе кемелер паркін пайдаланады. 2009 жылы әуе компанияның флотында 21 батыстық ұшақ болып, реактивті ұшақтардың орташа жасы 7 жылды құрады.

Компания ИАТА Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының толық құқылы мүшесі және Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі агенттігінің (EASA) 145-Бөлім директивасының талаптарына сәйкес әуе кемелерге техникалық қызмет көрсетуге сертификат алған Қазақстандағы жалғыз әуе компания болып табылады. 2009 жылдың мамырында компания ИАТА – IOSA (Operational Safety Audit) пайдалану қауіпсіздігі бойынша аудитінен сәтті өтті. ИАТА қауымдастығының мүшесі бола отырып, «Эйр Астана» әуе компаниясы ИАТА жанармай сапасын бақылау бірлестігі тобының (IFQP – IATA Fuel Quality Pool) құрамына кіреді. Компанияда білікті IFQP инспекторлары бар.

«Эйр Астана» әуе компаниясы келесі тасымалдаушылармен кодтарды бірігіп пайдалану туралы келісімшарттарды жасады: КЛМ Нидерландия корольдік әуежолдары (KLM), Австрия әуежолдары, Эйр Балтик және Азиана, ал 93 әуе компаниямен жасалған интерлайн келісімшарттары жолаушыларға серіктес компаниялар арқылы әлемнің 300-ден астам бағыттарын таңдауға мүмкіндік береді.





«ҚОШҚАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
«ҚОШҚАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ ҚЫЗЫЛ, ЖАСЫЛ, ҚОҢЫР, АҚ
ЖӘНЕ ҚАРА ТҮСТЕРМЕН БОЯЛАДЫ.

1.

Есептік 2009 жыл

Қаржылық қызмет

Әлемдік экономикалық дағдарыс авиация саласына кері әсерін тигізіп, жолаушы тасымалдарына деген сұраныстың төмендеуіне алып келді. Нәтижесінде 2009 жыл ИАТА Халықаралық әуе келігі қауымдастығының мәліметтеріне сәйкес, соңғы онжылдықтар ішінде әлем әуе компаниялары табыстарының азаюы жағынан алғанда рекордтық жылға айналды. Былтыр жыл бойы жаһандық экономика тұрақсыз жағдайда болды. Басқа тасымалдаушылар сияқты «Әйр Астана» әуе компаниясының да кірістері азайды. Экономикалық бәсеңсудің нәтижесінде кіріс 2008 жылмен салыстырғанда 15%-ға немесе 100 миллион АҚШ долларына азайды. Жолаушылар айналымы 4%-ға – 7,2 миллион мөлшерлі жолаушы-километр көрсеткішіне дейін төмендеді. Жолаушылар тасымалының деңгейі 4%-ға азайды. 2009 жылы жолаушылардың орташа жүктелім коэффициенті 63%-ды құрады. Ал бизнес-класс жолаушылар саны 9%-ға кеміді. Сұраныстың осыншалықты төмендеуі 2002 жылы әуе компания қызметін бастағаннан бері бірінші рет байқалды.

Дағдарыс кезі әуе компанияның өзгермелі жағдайларды уақытылы елеуіне мүмкіндіктер ашады. Әуе компания 2008 жылдың өзінде шығындарды азайтудың жоспарын дайындаған болатын. Осы жоспарды енгізу нәтижесінде 2009 жыл таза табыс (48 миллион АҚШ доллары) жағынан алғанда рекордтық жыл болып, алдыңғы табыс жағынан алғандағы рекордтық 2007 жылдағы көрсеткіштен артты (35 миллион АҚШ доллары). Шығындар 20%-ға азайтылды.

2009 жылғы ақпанда теңгенің АҚШ долларына қатысты құнсыздануы компанияның операциялық кірістеріне кері әсерін тигізді, себебі түсімнің көп бөлігі теңге түрінде келсе, шығындардың 45%-ға жуық бөлігі шетелдік валютада көрінеді. Монетарлы активтердің қайта бағаланған құны 7,5 миллион АҚШ долларын құрады. Біріншіден, жанармай келісімшарттарын рационалдау арқылы, екіншіден, қазақстандық өндірушілерге де әсерін тигізген жанармайдың әлемдік бағаларының төмендеуіне байланысты әуежанармай бағалары 2008 жылғы деңгеймен салыстырғанда 49%-ға арзандады.

Шығындарды азайту және кірістерді басқару

- Бағыттар желісін және әуе кемелерді пайдалану жолдарын оңтайландыру.
- PROS кірістерді басқару жүйесін сәтті енгізу және қосымша табыстарды тарту бойынша бастамаларды іске асыру.
- Әуе кемелерді лизингке алу туралы келісімшарттарды қайта қарастыру – кейбір әуе кемелер бойынша лизингтік келісімшарттардың мерзімін ұзарту, лизингтік мөлшерлемелерді қысқарту.
- Сату арналарын қайта құрылымдау, Брондау және ақпарат орталығы жұмысының басталуы, әуебилеттерді сату және брондау бойынша жеке кеңселерді дамыту шығындардың шамамен 11 миллион АҚШ долларына кемуіне себеп болды.
- Жерде қызмет көрсету мен борттық қызмет көрсету.

Операциялық қызмет

2009 жылдың сәуірінде ИКАО Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Қазақстанға Ұшулар қауіпсіздігін қадағалаудың жан-жақты бағдарламасына сәйкес аудит жүргізді. Тексеру барысында ұшулар қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау жүйесінде елеулі сәйкессіздіктердің бар екендігі анықталды. Анықталған сәйкессіздіктердің басым бөлігі авиация саласындағы ескірген заңнамалық базаның кемелсіздігіне, сонымен қатар ИКАО талаптарына сәйкес жүйелі және тиісті түрде қадағалауды іске асыру үшін қажет ресурстардың тапшылығына байланысты. Еуроодақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі



комитетінің 2009 жылғы 14 шілдедегі шешіміне сәйкес, «Эйр Астана» акционерлік қоғамынан басқа барлық қазақстандық әуе компанияларға Еуропалық Одақтың құрамындағы елдерге ұшуға тыйым салынды. Бірегей реттеуші құрылымының, ұшулар қауіпсіздігі саласындағы мінсіз абыройы мен жақсы ұйымдастырылған жүйесінің болуы себепті «Эйр Астана» әуе компаниясы Еуропалық Одақтың қаратізімінен шығарылғанын ескерген жөн. Біріншіден, «Эйр Астана» әуе компаниясы ұшақтарының ұшу жарамдылығы мен оларға көрсетілетін техникалық қызметті Аруба мен Ұлыбританияның беделді авиациялық билік өкілдері қадағалайды. Екіншіден, әуе компанияның инженерлік-техникалық қамтамасыздығы EASA 145-Бөлім еуропалық стандартына сәйкес жүзеге асырылады (компания KLM Нидерландия корольдік әуе жолдары (KLM), Түрік әуе жолдары,

Чех әуе жолдары, Этихад, Эйр Арабия сияқты және басқа да бірқатар әуе компаниялардың ұшақтарына техникалық қызмет көрсетеді). Әуе компания жылына екі рет Ұлыбританиядағы Азаматтық авиация басқармасының аудитінен өтеді. Компания ұшулар қауіпсіздігіне келгенде жөнге келтірілген есептіліктің бар екенін көрсете білді, компания 2007 жылы және 2009 жылдың мамырында қайта сәтті өткен IOSA Халықаралық пайдалану қауіпсіздігі аудиті – осының айғағы. Жоғарыда көрсетілген факторлар ескеріліп, «Эйр Астана» акционерлік қоғамынан басқа Қазақстанның барлық әуе компанияларына ұшулар орындауға тыйым салған Еуропалық Одақтың Ұшулар жөніндегі комитеті «Эйр Астана» әуе компаниясына толықтай тыйым салған жоқ және компания Еуропалық Одақ елдеріне ұшуларын бұрынғы жиіліктерде орындау құқығына ие болды.

1.1 2009 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері

i. 2009 жылғы статистика

Қаржылық статистика (мың теңге)


| | 2009 ж. | 2008 ж. |
|---|------------|------------|
| Көрсеткіштер | | |
| Табыс | 82 492 103 | 79 300 515 |
| Операциялық шығындар | 75 144 290 | 76 328 044 |
| Операциялық пайда | 7 347 813 | 2 972 471 |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | 9 000 702 | 3 246 085 |
| Таза пайда | 7 077 948 | 2 054 162 |
| Ұзақ мерзімді активтер (банк салымдарынсыз) | 8 346 191 | 7 150 201 |
| Ағымдағы активтер, соның ішінде: | 26 047 403 | 17 532 248 |
| Ақша қаражаттары (банк салымдарымен) | 13 568 258 | 6 435 266 |
| Акционерлік капитал | 21 173 924 | 14 609 517 |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | 908 507 | 1 194 345 |
| Ағымдағы міндеттемелер | 12 311 163 | 8 878 587 |

Операциялық статистика

| | | 2009 ж. 2008 ж. | | |
|------------------------------------|----------------------|-----------------|--------|------|
| Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | | | |
| Ұшу уақыты | сағат | 66 512 | 70 307 | -5% |
| Ұшақтардың қону саны | рет | 26 253 | 27 755 | -5% |
| Тасымалданған жолаушылар саны: | мың жолаушы | 2 201 | 2 300 | -4% |
| ішкі рейстер бойынша | мың жолаушы | 1 439 | 1 507 | -4% |
| халықаралық рейстер бойынша | мың жолаушы | 761 | 794 | -4% |
| Жүк, қолжүк және пошта тасымалы | тонна | 14 169 | 16 343 | -13% |
| Орындалған жолаушылар айналымы | мың ж/км | 4 525 | 4 795 | -6% |
| Шекті жолаушылар айналымы | мың ж/км | 7 158 | 7 423 | -4% |
| Коммерциялық жүктелім коэффициенті | % | 63 | 65 | -2% |

ii. 2009 жылғы жолаушылар айналымының шегі

Шекті жолаушылар айналымы




iii. 2009 жылдағы жолаушылар саны

Тасымалданған жолаушылар саны



iv. 2009 жылдағы табыс


Табыс




1.1. 2009 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері

v. 2009 жылғы негізгі шығындар

- Әуежанармай
- Қызметкерлер шығындары
- Жолаушылар шығындары
- Әуе кемелер лизингі және қосалқы бөлшектер
- Әуе кемелерге техникалық қызмет көрсету
- Салықтар және кедендік төлемдер
- Навигация және метеоқызметтер
- Әуежайда және жерде қызмет көрсету
- Сатуға байланысты шығындар
- Өзге шығындар




vi. 2009 жылғы қаржы нәтижелері



vii. Бағыттар желісінің аймақтық құрылымы

2009 жылы «Эйр Астана» әуе компаниясы 21 ішкі рейс және 23 халықаралық рейс орындады (соның ішінде Еуропаның үш қаласына маусымдық ұшулар орындалды). Әуе компания ұшатын аймақтар: Қазақстан, ТМД, Азия және Таяу Шығыс, Еуропа.

- Қазақстан
- ТМД
- Азия және Таяу Шығыс
- Еуропа



1.2. 2009 жылғы басым бағыттарды орындау нәтижелері

2008 жылы компания 2009 жылдың басым бағыттарын айқындады. Төменде осы бағыттар бойынша қысқаша талдау келтіріледі.

Басым бағыт: Әуе кемелерге техникалық қызмет көрсету мен ұшуларды орындау жағынан үздік халықаралық стандарттарға сәйкес болуды жалғастыру

Нәтиже: Бірегей реттеуші құрылымы, мінсізабырой және әуе компанияның барлық деңгейлерінде ұшулар қауіпсіздігінің стандарттарына сәйкестік жыл бойы тұрақты күйінде болды. 2009 жылғы мамырда әуе компания IOSA Халықаралық пайдалану қауіпсіздігі аудитінен және Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі агенттіктің EASA 145-Бөліміне сәйкес жүргізген аудитінен сәтті өтті.



Басым бағыт: Әуе компанияның қаржы тұрақтылығын және рентабельділігін сақтап қалу

Нәтиже: Ғаламдық экономикалық дағдарыс жолаушы тасымалының азаюына ықпал тигізді. Сұраныстың төмендеуі салдарынан 2009 жылы әуе компанияның түсімі өз қызметін бастағаннан бері алғашқы рет 15%-ға азайды. Бірақ шығындарды тиімді басқарудың нәтижесінде компания өз қызметі тарихында 48 миллион АҚШ доллары көлеміндегі ең рекордты таза табысқа қол жеткізді.

Басым бағыт: Рейсті уақытында орындау және қызмет деңгейін жақсарту

Нәтиже: Рейстерді уақытылы орындаудың орташа көрсеткіші 2008 жылмен салыстырғанда жақсарып, 83%-ға дейін артты. Рейстерге онлайн тіркелу, әуе компания сайтында брондау кезінде салонда орын таңдау мүмкіндігі, ұшып келу/ұшып кету кестелері, сондай-ақ бағдарлар картасы сияқты электрондық қызметтер енгізілді. Skytrax халықаралық рейтинг агенттігі «Эйр Астана» әуе компаниясына жолаушыларға қызмет көрсету көрсеткіші бойынша 3 жұлдыз рейтингін берді. Бортсеріктердің қызмет көрсету сапасы одан да жоғарырақ – 15 категорияның оны бойынша 4 жұлдыз деңгейінде бағаланды. Борттық тағамның сапасы да 4 жұлдыз деңгейінде бағаланды.

Басым бағыт: Кірістерді басқару жүйесін жақсарту және тікелей сату арналарын дамыту



Нәтиже: ТМД бойынша жаңа аймақтық бағыттармен қатар (Баку, Бішкек, Новосибирск) Малайзияның астанасы – Куала-Лумпур қаласына да тікелей рейс ашылды. Сату арналарын қайта құрылымдау, Брондау және ақпарат орталығы жұмысының басталуы, әуе билеттерді сату және брондау бойынша жеке кеңселерді дамыту шығындардың шамамен 11 миллион АҚШ долларына кемуіне себеп болды. Қазақстандағы тікелей сатулардың көлемі 2009 жылдың қаңтарында 4%-дық көрсеткіштен жыл соңында 13%-ға дейін артты.

Басым бағыт: Барлық салаларда шығындарды оңтайландыру

Нәтиже: Компаниядағы барлық департаменттердің шығындарды кең көлемде азайтуы өнімнің өзіндік құнының 20%-ға дейін арзандауына мүмкіндік берді. Нәтижесінде жолаушы тасымалының төмендеуіне қарамастан, әуе компания пайдаға қол жеткізді. Оған әуежанармай бағаларының арзандауы, Қазақстандағы сату арналарын қайта құрылымдау, Брондау және ақпарат орталығы жұмысының басталуы, әуе билеттерді сату және брондау бойынша жеке кеңселерді дамыту, бағыттар желісін оңтайландыру, кірістерді тиімді басқару, лизингтік келісімшарттарды қайта қарастыру, сонымен қатар жерде және бортта қызмет көрсету шығындарын азайту сияқты бірқатар факторлар әсер етті.

Басым бағыт: Оқыту жүйесін жетілдіру және дамыту

Нәтиже: Әуе компания оқыту жүйесін дамытуға қаражат салуды жалғастырды. 2009 жылғы қарашада алғашқы түлектер Ab Initio ұшқыштарды бастапқы даярлықтан өткізу бағдарламасын аяқтады. Компания қызметкерлері ИАТА Халықаралық әуе көлігі қауымдастығында және басқа халықаралық ұйымдарда әртүрлі тренингтерден өтті. «Эйр Астана» акционерлік қоғамы кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында OHSAS 18001 (Occupational Health and Safety Assessment Series) халықаралық менеджмент стандартына сәйкестігін дәлелдеді.



«АРҚАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.

АРҚАР – ЕУРАЗИЯ ДАЛАЛАРЫН МЕКЕНДЕГЕН КӨШПЕЛІ ТҮРКІ ТІЛДЭС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ МИФОЛОГИЯСЫНАН БЕЛГІЛІ ТОТЕМДІК ОБРАЗ. ХАЛЫҚТА АРҚАР АСПАН МЕН ОТТАН ЖАРАЛҒАН ДЕГЕН СЕНІМ БОЛҒАН. ЕРТЕ ЗАМАНДА БҮЛ ТАЛИСМАН ШАЙҚАСТА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕН ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ КИІМІНЕ ТІГІЛЕТІН БОЛҒАН.

1.3. 2009 жылдың негізгі оқиғалары

Қаңтар

- Боинг 757-200 ұшақтарына винглеттер орнатылды. 2009 жылдың ішінде винглеттер басқа үш 757-200 әуе кемесіне де орнатылды.

- Сату арналарын қайта құрылымдау және «Эйр Астана» әуе компаниясының Брондау және ақпарат орталығы мен әуебилеттерді сату және брондау бойынша жеке кеңселерін дамыту.

- Ab-Initio ұшқыштарды бастапқы даярлықтан өткізу бағдарламасы іске қосылды. Байқауға қатысқан 176 адамнан іріктелген сегіз үміткер осы бағдарлама бойынша оқуға жіберілді.



Болашақ «Эйр Астана» АҚ ұшқыштары

- Компанияның шығындарын оңтайландыруға бағытталған PROS деп аталатын кірістерді басқару жүйесі енгізілді.

Ақпан

- Теңгенің 23%-ға құнсыздануы жолаушы тасымалының күрт төмендеуіне алып келді, ал валюта бағамының өзгерісі ішкі нарықтан түсетін кірістерге өз әсерін тигізді.

Наурыз

- Экономикалық дағдарыс жағдайында сұранысты ынталандыру мақсатымен «Ауада – көктем!» науқаны өткізіліп, ішкі рейстер мен халықаралық рейстерге әуебилеттер едәуір арзандатылған тарифтер бойынша сатылды. Науқан аясында көлемді жарнама ұйымдастырылды.

- Аптасына екі рет орындалатын Алматы – Баку – Алматы рейсі және Әзірбайжан Республикасының Баку қаласында компанияның өкілдігі ашылды.



- Skytrax халықаралық агенттігі «Эйр Астана» әуе компаниясына 3 жұлдыз рейтингін берді. Қысқа және орта қашықтықтағы рейстердегі бизнес-класқа қызмет көрсету одан да жоғарырақ деңгейде – 4 жұлдыз рейтингі бойынша бағаланды.



Сәуір

- 2006 жылдың қаңтарында тоқтатылған Орал – Амстердам әуеқатынасы қайта ашылды.

Мамыр

- Әуе компания IOSA Халықаралық пайдалану қауіпсіздігі бойынша жүргізілетін аудиттен қайтадан сәтті өтті.

- Агенттіктердің сату нәтижелерін бағалау және нарықтық үлесті арттыру мақсатында аналитикалық жүйелерді пайдалану арқылы Қазақстанда әуебилеттерді брондау және сату агенттіктерін ынталандыру бағдарламасы енгізілді.

- «Эйр Астана» әуе компаниясының жеті жылдық мерейтойы атап өтілді.

- «Эйр Астана» әуе компаниясы IASI Халықаралық авиациялық оқиғаларды зерттеушілер қоғамына енді (International Society of Air Safety Investigators). Қоғамның мақсатына авиациялық оқиғаларды зерттеудегі идеялар, тәжірибе және білім алмасу арқылы ұшулардың қауіпсіздік деңгейін арттыру жатады. Қоғамның құрамына 70 елдің өкілдері кіреді.

Маусым

- «Эйр Астана» әуе компаниясының аймақтық даму стратегиясының аясында аптасына үш рет орындалатын Астана – Новосибирск – Астана рейсі ашылды.



Шілде

- Еуроодақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитеті «Эйр Астана» әуе компаниясынан басқа барлық қазақстандық әуе компанияларға Еуропалық

Одақ елдеріне ұшулар орындауға тыйым салған «қара тізім» жарияланды.

• «Эйр Астана» әуе компаниясы Орталық Азияда алғашқы рет рейстерге онлайн тіркелу жүйесін енгізді.



Он-лайн тіркелу
Тез, оңай және қауіпсіз

- Рейстерге ұшып кету уақытына 24-тен 1 сағатқа дейінгі уақыт аралығында он-лайн жүйесінде тіркелер
- Біздің сайтта сіздің www.airastana.com
 - Он-лайн транзитті ұясын таңдаңыз
 - Таңдау уақыт аяқталмайынша және таңдауыңыздың негізгі мақсатына
 - Жергілікті бан-дәстүрлерімен тіркеліңіз
 - Ойлауыңызда тіркеліңіз
 - Ойлауыңызда тіркеліңіз
- Ортаққана бағдарлау және бағдарлау, ортаққана көше таңдау арқылы барып, жүздеген тіркеліңіз

Он-лайн регистрация
Быстро, просто и удобно

- Зарегистрируйтесь на свой рейс он-лайн от 24 до 1 часа до вылета
- Посетите наш сайт: www.airastana.com
 - Выберите форму он-лайн регистрации
 - Укажите класс обслуживания, маршрут вылета и номер билета
 - Зарегистрируйте багаж онлайн и онлайн сразу
 - Выберите место
 - Распечатайте Ваш посадочный талон
- Следуйте в аэропорт уже с багажом и багажом в специальный стойки у входа в здание (или багаж)



Тамыз

• EASA Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі агенттігі компания инженерлері үшін EASA 145-Бөлім және EASA M-Бөлімі директиваларының талаптары бойынша тренинг өткізді.

Қыркүйек


• «Эйр Астана» әуе компаниясы он миллионыншы жолаушыны тасымалдады (төмендегі суретте).



- Компанияға кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында OHSAS 18001 (Occupational Health and Safety Assessment Series) халықаралық менеджмент стандартының сертификаты берілді.

Қазан

- Компания Мәскеу қаласына/қаласынан орындалатын рейстерді Шереметьево әуежайындағы С Терминалынан 2-Терминалға көшірді (2-Терминал кейінірек F Терминалы деп аталды). 2010 жылы осы әуежайдың Е Терминалына көшу жоспарда бар.



Шереметьево әуежайы, Мәскеу

- Аптасына бір рет орындалатын Алматы – Куала-Лумпур – Алматы рейсі ашылды.



Куала-Лумпур

Қараша

- Әуе компания жыл сайын өткізілетін «AWARD.kz Ұлттық интернет жүлдесі» байқауының «Корпоративтік сайттар» номинациясын ұтып алды. Компания осы номинациядағы жүлдеге үшінші жыл қатарынан ие болды.

- Компания EASA Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі агенттігі және Ұлыбритания Азаматтық авиация басқармасының EASA 145-Бөлім директива-сының талаптарына сәйкес жүргізілген аудитінен сәтті өтті.

- Әуе компания Лондон қаласынан/қаласына орындалатын рейстерді Хитроу әуежайының 2-Терминалынан 4-Терминалына көшірді. Жаңа терминалда жолаушыларға белгіленген тіркелу орны мен бизнес-класс күту залы ұсынылды.

- Флорида Технологиялық институтының жанындағы Ұшқыштарды даярлау колледжінде (PTC) Ab-Initio ұшқыштарды бастапқы даярлықтан өткізу бағдарламасы бойынша білім алған «Эйр Астана» әуе компаниясының кадеттерінің алғашқы легі оқуын аяқтады (Мельбурн, Флорида штаты, АҚШ).




- 2009 жылдың 1 қарашасынан бастап «Эйр Астана» әуе компаниясы «Ресей Жинақ Банкі» және «Казкоммерцбанк» банктерімен бірігіп, жаңа төлем тәсілін енгізді.

Желтоқсан

- Рейстердің кешеуілдеуі туралы ақпаратты SMS арқылы автоматтандырылған хабарлау жүйесімен тарату мүмкін болды.

- Әуе компанияның барлық инженерлері үшін EASA Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі агенттігінің SAFA (шетелдік әуе кемелерінің қауіпсіздігіне жүргізілетін аудит) кіріспе курсы ұйымдастырылды.

- «Азиана» әуе компаниясымен кодтарды бірігіп пайдалану туралы келісімшартқа қол қойылды.



«АРҚАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.

ШЕБЕРЛЕР БҰЛ ӨРНЕКПЕН ТӨСЕКТЕРДІ, САНДЫҚТАРДЫ, САНДЫҚШАЛАРДЫ БЕЗЕНДІРЕДІ ЖӘНЕ ОДАН ШАҚШАЛАР, ЫДЫС-АЯҚ ПЕН МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДЫ ӘШЕКЕЙЛЕНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ФИГУРАЛЫҚ ПЛАСТИНАЛАР ЖАСАЛАДЫ. АЛ ПЛАСТИНАЛАР БЕДЕРЛІ ӘШЕКЕЙМЕН СӘНДЕЛЕДІ.

2.

Операциялық қауіпсіздік және ұшуларды ұйымдастыру

IOSA сертификаты

ИАТА Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының IOSA Халықаралық пайдалану қауіпсіздігі бойынша жүргізілетін аудиті бойынша сертификаттау қайтадан өткізілді. 2009 жылдың мамырында өткізілген бұл аудитте мыңға жуық стандарттар мен ұсыныстар бойынша бір ғана ескерту алынды.

Еуроодақтың қазақстандық әуе компанияларға қатысты шешімі

2009 жылдың 29 маусымында өткізген мәжілісінен кейін Еуропалық Одақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитеті сол жылдың 14 шілдесінде қазақстандық авиация басқармасына ұшулар қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау шаралары күшейтілмейінше, «Эйр Астана» акционерлік қоғамынан басқа барлық Қазақстанның әуе компанияларына Еуроодақ аймағына ұшуға тыйым салынғаны туралы хабарлама жасады. «Эйр Астана» әуе компаниясының «қара тізімге» енгізілмеуінің себебі – компанияның ұшуларды орындау қызметін қадағалауды компания әуе кемелерін тіркеуші мемлекет ретінде Арубаның және EASA Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі агенттігінің атынан «Эйр Астана» акционерлік қоғамы ұшақтарына техникалық қызмет көрсетудің ұйымдастырылуын сертификаттауға құқылы ұйым ретінде Ұлыбританияның авиациялық билік өкілдері жүзеге асырады. Комитеттің шешімі бойынша «Эйр Астана» әуе компаниясына Еуропалық Одаққа ұшуларын бұрынғы ұшу жиіліктері шеңберінде ғана орындауға рұқсат етілді.

Оқыту

2009 жылы әуе компания ұшулар қауіпсіздігі мен сапа кепілдігі саласында қызметкерлерді қарқынды оқыту бағдарламасын жалғастырды: 50-ден астам қызметкер авиациялық оқиғаларды зерттеу бойынша тренингтер, ұшулар қауіпсіздігі мен сапа кепілдігін басқару жүйелері бойынша және басқа арнайы мамандандырылған тренингтерден өтті. Сонымен қатар, әуе компания EASA Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі агенттігінің SAFA (шетелдік әуе кемелерінің қауіпсіздігіне жүргізілетін аудит) бойын-

ша кіріспе курсын ұйымдастырды. Белгіленген мерзім ішінде ИКАО бекіткен авиациялық ағылшын тілінің 4-деңгейлік стандартына сәйкес болу үшін ағылшын тілін оқыту бағдарламасы ұйымдастырылды.

Мамандар

Корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі департаментіне жаңа мамандар алынды. Ұлыбританияның авиациялық билік орындарында жұмыс өтілі бар жоғары білікті маман инженерлік-техникалық қамсыздандырудың сапа кепілдігі жөніндегі менеджері болып тағайындалды. Ұлыбританиялық лицензиясы бар маман инженерлік-техникалық қамсыздандырудың сапа кепілдігі жөніндегі кеңесші қызметіне жұмысқа алынды. Ұшқыш-нұсқаушы ретінде ұзақ уақыт қызмет атқарған маман ұшулар қауіпсіздігі бағдарламалары бойынша менеджер ретінде тағайындалуымен қатар инженерлік-техникалық қамсыздандыру, ұшулар қауіпсіздігі мен аудиттер, SAFA бойынша қосымша үш үйлестіруші жұмысқа орналастырылды.

Аудиттер

Әуе компанияның қызметін сырттан қадағалау күшейтілді, атап айтқанда:

- Аруба тарапынан: Арубаның азаматтық авиация департаменті тексерулер мен аудиттер жүргізу жиілігін жылына үш ретке дейін арттырды (бұрын жылына бір рет қана өткізілетін).
- Шетелдік инспекторлар тарапынан: «Эйр Астана» әуе компаниясына инспекциялар жүргізу үшін ұшулар қауіпсіздігін қадағалау саласында ұзақ уақыт қызмет еткен бес шетелдік нұсқаушы шақырылды.

Ұшуларды ұйымдастыру

Виртуалдық ұшу тренажерларын өндіруде көшбасшы компания Aerosim Technologies виртуалдық процедуралардың стандартты тренажерін (Virtual Procedure Trainer – VPT) жеткізді. Бұл құрал-жабдық ұшқыштарды ұшу тренажерларында аралық оқытуға арналған.

2009 жылы шілдеде Атланта қаласында (Джорджия, АҚШ) Delta Airlines әуе компаниясының бас кеңсесінде ұшқыш-нұсқаушыларды оқытуды ұйымдастыру туралы келісімшарт жасалды. Бағдар-



«АРҚАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
АШЫҚ КӨГІЛДІР, СҰР, КӨК, САРЫ ТҮСТЕРМЕН БОЯЛАДЫ.


VPT стандартты тренажері

лама ұшу процедураларын стандарттау деңгейін арттыру және ұзақмерзімді оқытуға кететін шығындарды азайту мақсатында дайындалған. 2009 жылғы қыркүйекте «Эйр Астана» әуе компаниясындағы Боинг ұшақтарының ұшқыш-нұсқаушылары осы бағдарлама бойынша оқуды бастады.

Тексеру кезінде анықталатын кемшіліктерді бақылау және азайту мақсатында SAFA шетелдік әуе кемелерінің қауіпсіздігіне жүргізілетін аудит бойынша арнайы жұмыс тобы құрылды.

2009 жылдың қазан-қараша айларында Боинг 757-200 әуе кемелерінің навигациялық жүйелерін модернизациялау жұмысы аяқталды.


Ab-Initio ұшқыштарды бастапқы даярлықтан өткізу бағдарламасы

2009 жылғы ақпанда Флорида Технологиялық институтының (Мельбурн, Флорида штаты, АҚШ) жанындағы Ұшқыштарды даярлау колледжінде (PTC) Ab-Initio ұшқыштарды бастапқы даярлау бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама бойынша оқыған кадеттердің алғашқы легі оны 2009 жылдың қарашасында аяқтады.

2008 жылы басталған бұл бағдарламаға 18-29 жас аралығындағы Қазақстанның азаматтары қатыса алады. Бағдарлама кадеттердің даярлық деңгейін ұшуды бастапқы меңгеруден Эрбас немесе Эмбраер сияқты реактивті ұшақтарды меңгеру дағдысына дейін жеткізуге бағытталған. Үміткерлер жүргізілген

сұхбаттасу, медициналық комиссия, психологиялық тест және ұшуға жарамдылықты бағалаудың компьютерлендірілген жүйесінің (COMPASS – Computerized Pilot Aptitude Screening System) негізінде таңдалды. Сонымен қатар, үміткерлер ағылшын тілінен ИКАО Халықаралық азаматтық авиация ұйымының стандарттарына сәйкес тест тапсыруы тиіс. Жыл бойы бағдарлама аясында жиырма төрт кадет оқыды, олардың біреуі – қыз кадет.

PTC колледжі Флорида Технологиялық институтының (FIT) кампусында Мельбурн халықаралық әуежайында орналасқан және осы оқу орнындағы авиациялық факультеттің серіктесі болып табылады. Колледж институтпен бірігіп, ұшқыштардың даярлығын халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырады. Колледжді бітіргеннен кейін кадеттер АҚШ Федералдық авиация әкімшілігінің біліктілік куәлігін және АҚШ Федералдық авиация әкімшілігі мақұлдаған құралдар бойынша ұшуларды орындауға қажет біліктілік куәліктерін алып шығады.


Ab-Initio кадеттері Роман Сулейманов және Талғат Ахметов

Ab-Initio кадеті Айдар Жәкенов



«БҰҒЫ МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
ҮЙ АСПАПТАРЫН БЕЗЕНДІРУ ҮШІН
ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ЗООМОРФТІК
ОЮЛАРЫНЫҢ БІРІ. АМАН-САУЛЫҚ ПЕН
МОЛШЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ.

3.

Инженерлік-техникалық қамсыздандыру

2009 жыл инженерлік-техникалық департамент жаңа ангарға көшкеннен кейін бірқатар жұмыстарды бірлесе отырып атқаруды талап еткен жыл болды. Ангар ұшақтардың техникалық қызметіне қажет арнайы техникалық құрал-жабдықтарды пайдалануға мүмкіндік береді. Фоккер 50 ұшақтары үшін гидравликалық жүйелерге арналған сынақ құрылғылары орнатылды.

Ұшақтардың сыртын жуатын топ құрылды. Бірнеше әуе кемелер боялды. Сонымен қатар, Боинг 757-200 ұшақтарына винглеттер орнатылып, олардың сыртқы көрінісі сәнді болып қана қоймай, атқарылған іс-шара ұшу кезінде жанармайды 5%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік берді.

Еуропалық бағыттарда SAFA шетелдік әуе кемелерінің қауіпсіздігіне жүргізілетін аудиті бойынша тексерулердің артуына байланысты инженерлік-техникалық департаменттің оқыту мәселелерімен айналысатын бөлімшесі осы департаменттің қызметкерлері үшін SAFA талаптарына сәйкес келетін бірқатар тренингтер әзірлеп, оларды сәтті өткізді. Сонымен қатар, жоғарыда аталған бөлімше үндістандық клиент үшін Эрбас 320 ұшағы бойынша оқыту және практикалық тәжірибе ұйымдастырды.

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы басқа әуе компаниялардың ұшақтарына көрсетілетін техникалық қызметті ұлғайтты. Осыған байланысты компания техникалық жабдықтаумен айналысатын мамандары үшін Боинг 747 ұшағы бойынша қосымша оқытуды ұйымдастырды.




Ангар (Алматы)

Техникалық жабдықтау бөлімі ұшақтардың қосымша бөліктері мен құрал-жабдықтардың біраз бөлігін Алматы қаласының әуежайындағы жаңа қоймаға көшірді. Астана қаласында ұшақтардың қосымша бөліктері мен құрал-жабдықтарын сақтауға арналған қосымша қойма ашылды. Бұл қойманың ашылуы компанияның Астана қаласының әуежайындағы қызметінің ұлғаюына жол ашады.

Ұшақтарды Атырау қаласында базаландыру жоспарына сәйкес осы қалада техникалық қызмет базасы ашылып, ол тиісті кеңсемен, қоймалармен және құрал-жабдықтармен жабдықталды.

Боинг 757-200 ұшақтарына қойылған RB211-535E4 қозғалтқыштарын жөндеу шартына қол қойылды.



«БҰҒЫ МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
«ҚОС МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ ОСЫ ОҚУДЫҢ НЕГІЗІНДЕ
ЖАСАЛҒАН.

4.

Борттық қызмет көрсету

Бортсеріктер журналы

Бортсеріктерді міндетті түрде оқытудың жоспарланған бағдарламасынан басқа аға бортсеріктерге арналған жолаушыларға қызмет көрсету бойынша арнайы тренингтер енгізілді және бортта қызмет көрсету сапасын басқару жүйесі жетілдірілді.

Skytrax рейтингі

Жыл бойы жолаушылар әуе компания туралы оң пікірде болды. Skytrax халықаралық агенттігінің әуе компанияға берген рейтингі осының айғағы бола алады. Skytrax халықаралық компаниясы «Эйр Астана» әуе компаниясының қызмет көрсету сапасын бағалап, оған 3 жұлдыз рейтингін берді. «Бортта қызмет көрсету» көрсеткіші бойынша әуе компания 4 жұлдыз рейтингіне ие болды. Он бес категорияның оны бойынша төрт жұлдыз бағасы берілді. Сонымен қатар, әуе компанияға борттық тағам сапасы үшін 4 жұлдыз рейтингі берілді.

Бортсеріктерді оқыту

Жоспарланған бортсеріктерді міндетті түрде оқыту бағдарламасынан басқа аға бортсеріктерге арналған жолаушыларға қызмет көрсету бойынша арнайы тренингтер енгізілді және бортта қызмет көрсету сапасын басқару жүйесі жетілдірілді.

Қызмет көрсету сапасын жетілдіру бағдарламасы (PEP)

Бортта қызмет көрсету сапасын жетілдірудің (Performance Enhancement Programme) жаңа жүйесіне ерекше назар аударылды. Бұл жүйе әр экипаж мүшесінің әр рейстегі қызмет көрсету сапасына мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. Борттық қызмет бөлімінің супервайзерлері бұл бағдарламаны енгізу мен дамытуда үлкен жұмыс атқарды. Бортсеріктер мен супервайзерлер бағдарлама туралы оң пікірде. PEP бағдарламасы бортта қызмет көрсету мәдениетін дамытуға мүмкіндік туғызады, жолаушылар арасында жүргізілетін сауалнамалар осыны айғақтап отыр.

Борттық өнім

Бортта балаларға арналған жаңа жиынтық ұсынылды (түрлі-түсті және қызықты басқатырғыштар, жаңа ойыншықтар, сыйлықтар). Барлық халықаралық рейстерде қыз балаларға арналған жиынтық ұсынылды. 2010 жылы ұл балаларға арналған әуе компания ұшақтарының формасындағы жиынтық


ұсынылады деп жоспарлануда. Бизнес-класс жолаушылары үшін жаңа жақсартылған жиынтықтар ұсынылды.



Борттық тағам

Борттық тағамға байланысты екі негізгі міндет алға қойылған болатын: борттық тағамның базалық құнын рационалдандыру және барлық рейстерде борттық тағамның жоғары сапасын қамтамасыз ету. Бәсекелестікті қалыптастыру және бағаларды бақылау, бағалар мен сатып алулар бойынша ұтымды жағдайларды арттыру мақсатында ұйымдастырылған тікелей сатып алуларға байланысты өнімнің құны 20%-ға арзандады. Борттық тағам сапасын бақылауды жақсарту мақсатында шеф-аспазшы жұмысқа алынды. Әуе компания Қазақстанның борттық тағам дайындау цехтарында жұмыс істейтін аспазшыларға қолдау көрсету және оқыту арқылы борттық тағам сапасын жақсарту жұмысын әрі қарай жалғастырмақ. Аймақтық әуежайлар борттық тағам сапасының қазіргі деңгейі туралы оң пікірде.

2009 жылдың қыркүйегінде борттық тағамның мәзірі, борттық тағамды ұшақ бортына жүктеу туралы мәліметтерді енгізуге арналған жаңа стандартталған жүйе енгізіліп, оны барлық жеткізушілер пайдалана бастады.



«БҰҒЫ МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНДЕ
«БҰҒЫ МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ ҰЗАҚ УАҚЫТ БОЙЫ БАСҚА
МҮЙІЗ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛЫНҒАН ОЮЛАРМЕН
ҚАТАР КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛЫП КЕЛЕДІ ЖӘНЕ
ТҮРЛІ ТҮСТЕРМЕН БОЯЛАДЫ.

5.

Сатулар және маркетинг. Кірістерді басқару

Дистрибьюторлық желі

2009 жылдағы басты өзгеріске әуе компанияның тәулік бойы жұмыс істейтін Брондау және ақпарат орталығының қызмет көрсете бастауы, Алматы, Астана және Атырау қалаларындағы және Қазақстанның басқа аймақтық әуежайларындағы әуебилеттерді сату бойынша жеке кеңселерін дамытуы жатады. Сату арналарын қайта құрылымдау шығындардың шамамен 11 миллион АҚШ долларына кемуіне себеп болды. Қазақстандағы тікелей сатулардың көлемі 2009 жылдың қаңтарында 4%-дық көрсеткіштен жыл соңында 13%-ға дейін артты. Сатуларды әрі қарай дамыту мақсатында әуе компания банктермен және төлем терминалдарын сатушы компаниялармен келісімшарт жасап, нәтижесінде жолаушыларға Қазақстан бойынша төлем терминалдары қойылған 300-ден астам жерде компанияның рейстеріне әуебилетті сатып алу мүмкіндігі туды. Сонымен қатар, әуебилет сату бойынша жеке кеңселер Мәскеу және Баку қалаларында да ашылды.

Әуе компанияның шетелдік рыноктардағы агенттік дистрибьюторлық желісінің ұлғаюына Скандинавия, Балтық жағалауы, Испания, Украина, Израиль және Канадада IATA BSP Өзара есеп айырысу жүйесіне енуі (Bank Settlement Plan) жағдай жасады. Сатуға кеткен шығындар Австрия, Франция, Швейцария, Италия және Венгрияда BSP Өзара есеп айырысу жүйесінің жоспары бойынша ұйымдастырылатын сатуларға өту есебінен оңтайландырылып, қаражат едәуір үнемделді. 2009 жылдың соңында әуе компания Моңғолиядағы BSP жүйесіне қосылды. Швейцария мен Австрияда жолаушы тасымалдарын сататын жаңа бас агент тағайындалды. 2009 жылы «Эйр Астана» әуе компаниясының рейстеріне әуебилеттерді сататын рыноктардың жалпы саны 49-ға жетті.

Маркетингтік даму

Экономикалық белсенділіктің бәсеңсуіне қарамастан, 2009 жыл әуе компания үшін жаңа рыноктарға ену мүмкіндіктеріне толы жыл болды. 2008 жылдың соңында ашылған жаңа Астана – Үрімші және Алматы – Бішкек рейстерінен кейін әуе компания Алматы – Баку және Астана – Новосибирск рейстерімен бағыттар желісін ұлғайтты. Сонымен қатар, экономика-

ның мұнай-газ секторына қызмет көрсететін Орал – Амстердам әуе қатынасы ашылды. 2009 жылдың қазанында ашылған Алматы – Куала-Лумпур рейсі 2003 жылдан бергі алғашқы алыс қашықтықтағы әуе қатынас болды. Бағыттың ашылуы Қазақстандағы және шетелдегі кең ауқымды маркетингтік науқандармен, баспасөз беттеріндегі мақалалармен, салалық көрмелердегі қатысулар және PR іс-шараларын ұйымдастыру арқылы атап өтілді. Бірінші рейстерге жолаушылардың назарын тарту мақсатында өткізілген маркетингтік және PR-науқандарының нәтижелігіне әуе компанияның, жергілікті билік өкілдерінің және Малайзия Туризм министрлігінің бірігіп атқарған жұмыстарының арқасында қол жеткізілді. Осы өткізілген іс-шаралар жеткілікті сұраныс туғызып, рейс орындалған бірінші күннен бастап тікелей шығындардың орнын толтыруға мүмкіндік берді.

Бағыттар желісіндегі рейстерге деген сұраныс 2009 жыл ішінде ұзақ уақыт бойы төмен деңгейде болса, бірнеше әуе компаниялармен арнайы прорейт келісімшарттарын жасауға байланысты сәтті өткізілген келіссөздер есебінен және рыноктағы бәсекелестікті сақтау мақсатында осы келісімшарттарды үнемі қайта қарастыру арқылы бағыттар желісінен тыс рыноктардан түсетін кіріс 14%-ға артты. 2009 жылдың соңында «Азиана» әуе компаниясымен жасалған ұлғайтылған серіктестік туралы келісімшарт кодтарды бірігіп пайдалану туралы келісімшартқа қоса бортсеріктерді қызмет көрсетуге үйрету сияқты серіктестіктің неғұрлым кеңейтілген аспектісін қамтыды.

2009 жылдың ақпанында ұлттық валюта – теңгенің құнсыздануының және осы себепті әуе тасымалдарының азаюының салдарынан әуе компания рыноктағы сұранысты ынталандыру мақсатымен әуе билетті алдын-ала сату науқанын өткізетіндігі туралы хабарлады. «Ауада – көктем!» деп аталған кең ауқымды науқан ұйымдастырылып, ол ішкі рейстер мен халықаралық рейстерге сатуларды ынталандырды.

PROS кірістерді басқару жүйесі

2009 жылдың қаңтарында PROS кірістерді басқару жүйесін енгізу дер кезінде ұйымдастырылған шара болды. Кірістерді басқару процестерін жетілдірумен



«ҚЫРЫҚ МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.

БҰЛ ӨРНЕК МҮЙІЗ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ТҮРІНДЕГІ КҮРДЕЛІ ӨРІМДЕРМЕН БІРІКТІРІЛГЕН КӨПТЕГЕН ӘШЕКЕЙЛЕРДЕН ҚҰРАЛАДЫ. КӨП ЖАҒДАЙДА ОНЫҢ ШЕТ ЖАҚТАРЫ ТІК ТӨРТБҰРЫШ НЕМЕСЕ ШЕҢБЕР ФОРМАСЫМЕН АЯҚТАЛАДЫ. АЛ КЕЙДЕ АҒАШТЫҢ БҰТАҚТАРЫ ТӘРІЗДЕНІП ӘР ЖАҚҚА ТАРАМДАНЫП, КҮРДЕЛІ КОМПОЗИЦИЯҒА АЙНАЛАДЫ.

қатар PROS жүйесі әуе компанияға дағдарыс кезінде кірістерді тиімді басқаруға мүмкіндік беріп, 2009 жылғы өте қиын рынок жағдайларында әуе компанияның табысты болуына әсер еткен негізгі факторлардың біріне айналды.

Әуебилеттерді сату агенттіктерін ынталандыру бағдарламасы

2009 жылғы мамырда әуе компания Қазақстандағы сатулар үлесін арттыру мақсатында әуебилеттерді сату агенттіктерін ынталандырудың жаңа жүйесін енгізді. Жаңа жүйе басқарушы қызметкерлердің қолдауына ие болып, сатулар бөлімінің мамандары бағдарламаға қатысатын әр агенттік бойынша мұқият мониторинг жүргізді. Мониторинг кезінде MIDT (агенттіктердің брондау жүйесіндегі белсенділігі туралы мәліметтер) және eSMASH (BSP жүйесінде сатылатын әуебилеттердің сатылым көлемі туралы мәліметтер) сияқты аналитикалық құралдар пайдаланылды. Бұл жүйе Германия, Түркия және Корея сияқты кейбір шетелдік рыноктарға да таралды.

Салалық оқиғалар

2009 жылы компания туризм саласының бірқатар маңызды іс-шараларына қатысты. Олардың қатарында: ITB Халықаралық туризм жәрмеңкесі (Берлин, наурыз 2009 ж.), KITF Қазақстанның халықаралық туризм жәрмеңкесі (Алматы, мамыр 2009 ж.), Дүниежүзілік туризм ұйымы жәрмеңкесі (Астана, қыркүйек 2009 ж.) және «Әлемдік саяхаттар рыногы» жәрмеңкесі (Лондон, қараша 2009 ж.). 2009 жылдың мамырында әуе компанияның жеті жылдығына орай Алматыдағы ең ірі агенттіктер үшін семинар ұйымдастырылып, үлкен көлемді сатулар үшін марапат қағаздар мен куәліктер тапсырылды. Сәтті семинарлар компанияның шетелдік өкілдіктерінде, мысалы, Ресейде және Таиланд Корольдігінде ұйымдастырылды. 2010 жылы осындай семинарларды Алматы, Астана, Атырау және



ITB жәрмеңкесінде (Берлин, наурыз 2009 ж.)

Ақтау қалаларында өткізу жоспарланып отыр. 2009 жылғы қарашада әуе компания дәстүрлі 4-ші Үндістан-қазақстандық туризм жәрмеңкесіне қатысты. 2010 жылы Біріккен Араб Әмірліктерінде өткізілетін осындай жәрмеңкеге қатысу жоспарда бар.



KIOGE жәрмеңкесінде (қазан 2009 ж.)

Nomad Club жиі ұшатын жолаушыларды марапаттау бағдарламасы



Nomad Club бағдарламасының мүшелерінің саны 57 мың жолаушыға жетті. Олардың үш мыңы – бағдарламаның Элит деңгейіне жеткен жолаушылар. Элит деңгейіндегі қатысушылар үшін нормадан тыс жүк көлемін ұлғайту, есептелінбеген ұпайларды онлайн жүйесінде қалпына келтірудің функционалдық мүмкіндіктерін енгізу, қатысушыларға ұшу сегменттері бойынша маркетингтік хат жіберілімдер сияқты жаңа функциялар 2009 жылдың соңында екі жылға толған бағдарламаның тартымдылығын арттырды. 2009 жылғы желтоқсанда әуе компания Nomad Club жиі ұшатын жолаушыларды марапаттау бағдарламасының мәліметтер базасын пайдалану арқылы «Сәтті жетілік» деп аталған Интернет арқылы сатудың алғашқы өте ауқымды науқанын жүргізді. Бұл қысқа мерзімді науқан кезінде әуе компанияның сайтын пайдаланушылар саны үш есе, ал интернет-сатулардың көлемі төрт есеге ұлғайды.

2009 жылғы рыноктағы қиын жағдайлар маркетингпен сатуларда қарқынды өзгерістердің болуын талап етті, сондықтан бірқатар ішкі процестер мен процедураларды нығайтуға және қайта қарастыруға тура келді.



«ҚЫРЫҚ МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
ТҮСКИІЗ, СЫРМАҚ, КЕЖІМ, ТЕКЕМЕТТІ
БЕЗЕҢДІРУДЕ ЖӘНЕ СӘУЛЕТ ӨНЕРІНДЕ
ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

6.

Ақпараттық технологиялар саласындағы инновациялар

2009 жылы компания бойынша шығындарды азайтуға бағытталған іс-шараларға қарамастан, «Эйр Астана» әуе компаниясы жаңа ақпараттық технологиялар сатып алуға және қызметкерлерді оқытуға шығындар жұмсап, ақпараттық технологиялардың инфрақұрылымдары мен жүйелері, веб-сайт әзірлеу және электрондық коммерцияны дамыту саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Жекелеген жетістіктер ұлттық деңгейде, мысалы, «AWARD.kz 2009 Ұлттық интернет жүлдесі» сияқты байқауларда танылды.

Инфрақұрылым және ақпараттық технологиялар жүйелері

Қатаң операциялық процедуралар сақталып, Астана қаласында мәліметтердің резервтік орталығы ашылды, ол төтенше жағдайларда мәліметтерді сақтаудың негізгі орталығында әдеттегі режимде жұмыс істеуге мүмкіндік береді (төтенше жағдайларда маңызды бизнес-қосымшалар үшін мәліметтерді қалпына келтіру жоспары).

Келесі әуежай терминалдарында RTB жолаушыларды электрондық тіркеу жүйесі орнатылды/қайта орнатылды: Үрімші (сәуір 2009 ж.), Анталья (мамыр 2009 ж.), Мәскеу Шереметьево әуежайының F Терминалы, Куала-Лумпур (қазан 2009 ж.) және Лондон Хитроу әуежайының 2-Терминалы (қараша 2009 ж.).

2009 жылдың ақпанында жүк сатуларынан келетін түсімдерді есепке алу жүйесі енгізілді.

2009 жылғы тамызда жиі ұшатын жолаушылар туралы ақпарат енгізілетін CRIS жүйесінің «Тұтынушылармен жұмыс істеу аудиті» деп аталатын модуль енгізілді, бұл модуль жолаушылардың шағымдары мен өтініштерін қадағалауға және басшылық үшін пайдалы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Модульді пайдалану жолаушыларға көрсетілетін қызметті жақсарту және сервиске қатысты негізделген басшылық қабылдайтын шешімдер үшін ерекше маңызға ие.

2009 жылдың желтоқсанынан бастап рейстердің кешеуілдеуі туралы ақпаратты SMS арқылы автоматтандырылған хабарлау жүйесімен тарату мүмкін болды. SMS хабарламасы жіберілуінің статусы брондау жүйесінде де жаңартылады, бұл жолаушыларға уақытылы хабарлама жасау жұмысын жақсартады. Шешімді ақпараттық технологиялар және электрондық коммерция департаментінің қызметкерлері әзірледі.

Халықаралық қоңырау шалуларын IP желісі арқылы бағыттау нәтижесінде халықаралық қоңырау шалуларымен байланысты шығындар 50%-ға дейін азайды.

Веб-әзірлеу және электрондық коммерция

2009 жылдың мамырында компания сайтында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұшып келулер мен ұшып кетулер таблосы, бағыттар картасы енгізілді.

2009 жылдың шілде айында енгізілген әуе компанияның рейстеріне онлайн тіркелу қызметі жолаушыларға үйден, қонақүйден немесе кеңседен шықпай-ақ ұшақ салонында орын таңдап, отырғызу талонын рейстен бұрын принтерден шығарып алуларына мүмкіндік берді. Жолаушыларға ыңғайлылығынан басқа бұл жүйенің енгізілуімен әуежайлардағы тіркеу орындарында жолаушыларға қызмет көрсету жылдамдығы артты.


2009 жылғы қыркүйекте пайдаланушыларға ыңғайлылық ұсынудың және сайттың маркетингтік функцияларын жетілдіру қажеттігіне байланысты компанияның корпоративтік веб-сайтының дизайны жаңартылды. Сайтты жақсарту брендті және бизнесті дамыту үшін маңызды. Шешімді ақпараттық технологиялар және электрондық коммерция департаментінің қызметкерлері әзірледі.

2009 жылдың қазанында Nomad Club жиі ұшатын жолаушыларды марапаттау бағдарламасының қатысушылары үшін ұшқан рейстерге есептелмеген ұпай санын онлайн жүйесінде қалпына келтіру қызметі енгізілді. Қатысушылар енді бағдарлама шарттарында қарастырылған бонустық ұпайлар дұрыс есептелмеген жағдайда есептелмеген ұпайлар санын қалпына келтіру үшін әуе компанияға құжаттар жіберіп, олардың қарастыру мерзімін күтіп отырмайтын болды. Шешімді ақпараттық технологиялар және электрондық коммерция департаментінің қызметкерлері әзірледі.

Корпоративті клиенттер үшін брондау жүйесі 2009 жылдың қарашасында енгізілді және әуе компания келісімшарт жасаған корпоративті клиенттерге әуебилеттерді онлайн жүйесінде брондауға мүмкіндік береді.

2009 жылдың қарашасында «Эйр Астана» әуе компаниясы «AWARDS.kz Ұлттық интернет жүлдесі» байқауында «Корпоративтік сайттар» номинациясы бойынша марапатқа ие болды. Компания аталған номинация бойынша марапатқа үшінші жыл қатарынан ие болды.





«ҚЫРЫҚ МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
ТҮСТЕРІ – АШЫҚ КӨГІЛДІР ЖӘНЕ САРЫ.

7.

Тәуекелдерді басқару

2009 жыл әуе компания тарихындағы ең тұрақсыз жыл болды. Ғаламдық қаржы дағдарысы, теңгенің құнсыздануы, Еуропа авиация билік өкілдерінің «Эйр Астана» акционерлік қоғамынан басқа Қазақстанның барлық әуе компанияларына Еуроодақ аймағына ұшулар орындауға тыйым салуы – мұның бәрі 2009 жылы орын алған оқиғалардың толық тізімі емес. Болу ықтималдығы жоғары және болған жағдайда компанияның қаржылық жағдайына едәуір ықпал жасайтын өзектілігі жоғары тәуекелдер анықталған болатын.

2009 жылдың негізгі тәуекелдері

- Ғаламдық экономикалық дағдарыс және жолаушылар тасымалының азаюы
- Теңгенің құнсыздануы
- Әуежанармай бағалары
- Қазақстандық әуе компанияларға Еуроодақ елдеріне ұшуға тыйым салынуы
- Елдердегі болуы ықтимал қақтығыс/індет
- Контрагенттер тәуекелі

Осы тәуекелдер орын алған жағдайда олардың кері әсерлерін азайту мақсатында тиісті іс-шаралар әзірленді.

Ғаламдық экономикалық дағдарыс және жолаушылар тасымалының азаюы

Өлемдік қаржы дағдарысының кері әсерлерін азайту үшін компания бірқатар іс-шараларды атқарды, солардың қатарына бағыттарды оңтайландыру және шығындарды азайту жатады.

Теңгенің құнсыздануы

Компания кірістерінің біраз бөлігін теңгемен (70%-дан астамы) алса, шығындардың едәуір бөлігі шетелдік валютада көрінеді (45%-ға жуығы). Осылайша, компанияның қаржы кірістері мен шығыстарының арасында валюталық теңсіздік орын алады. Мұндай әсерді азайту үшін компания шетелдік валютада көрінетін түсім көлемін ұлғайтуға және компанияның жалпы сатып алуларындағы импорттың көлемін азайтуға байланысты жұмысты үнемі атқаруда.

Әуежанармай бағалары

Әуежанармай бағасы – әуе компаниядағы ең негізгі шығындардың бірі. Мұнайдың бір түрі болған-

дықтан, әуекеросиннің бағасы тұрақсыз және бұл қаржы нәтижелеріне едәуір әсерін тигізеді. Баға тұрақсыздығын азайту үшін компания 2009 жылдан бастап әуежанармай бағасын хеджирлеу құралдарын пайдалануда.


Қазақстандық әуе компанияларға Еуроодақ елдеріне ұшуға тыйым салынуы

2009 жылғы шілдеде Еуропалық Одақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитеті «Эйр Астана» акционерлік қоғамынан басқа Қазақстанның барлық әуе компанияларына Еуроодақ елдеріне ұшулар орындауға тыйым салды. Ұшулар қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарына сәйкес келетінін дәлелдеген «Эйр Астана» әуе компаниясы Еуроодақтың «қара тізіміне» ілінбеді. Компания ИКАО айқындаған сәйкессіздіктерді жою үшін ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігіне қарасты Азаматтық авиация комитетіне көмек көрсетуде.

Контрагенттер тәуекелі

Компания өзінің операциялық қызметінде әуебилеттерді сату агенттіктері, қызметтер мен тауарларды сатушылар, банк және қаржы институттары сияқты контрагенттермен жұмыс істейді. Жуырда болған қаржы дағдарысы кейбір контрагенттердің қаржылық жағдайына кері әсерін тигізіп, келесі тәуекелдердің болуы ықтималдығын жоғарылатты:

- қаржы дефолты, әуебилеттерді сату агенттіктерінің және компания еркін айналыс үшін қаражат сақтайтын банктердің төлем қабілетсіздігі;
 - контрагенттің келісімшартта көзделген міндеттемелерін орындамау ықтималдығы.
- Бұл тәуекелді болдырмау және азайту үшін компания келесі іс-шараларды орындады:
- уақытша еркін айналым үшін қаражат салынатын коммерциялық банктерге шектеу қойылды, әуебилеттерді сату агенттіктерімен жұмыс істеу кезінде банк көпілдіктерінің болуы шарт;
 - Интернет-сатылымдар мен тікелей сату арналарын қолдану арқылы тәуекел ықтималдығы азайтылды;
 - тауарлар мен қызметтер ұсынушылар арналары өртараптандырылды.



«ҚОС МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
МОЛШЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ БОЛЫП ТАБИЛАТЫН
БҰЛ ӨРНЕК ҚОШҚАРДЫҢ ЕКІ МҮЙІЗІ ТҮРІНДЕ
БЕЙНЕЛЕНГЕН.

8.

Тұрақты даму

8.1. Қызметкерлер

«Эйр Астана» әуе компаниясының ұйымдық құрылымы



Қызметкерлер саны (2009 жылдың 31 желтоқсандағы мәлімет бойынша)

| | |
|--------------|-------|
| Ұшқыштар | 232 |
| Бортсеріктер | 842 |
| Инженерлер | 204 |
| Басқалары | 1 652 |
| Барлығы | 2 930 |

Сертификаттау

- «Эйр Астана» әуе компаниясы OHSAS 18001:2007 (Occupational Health and Safety Assessment Series) халықаралық менеджмент стандартына сәйкес келеді. OHSAS 18001 стандартының сертификаты компанияға 2009 жылдың қыркүйегінде тапсырылды.
- «SHL кәсіби тестілеуі» деп аталатын сертификатталған оқыту курсы ұйымдастырылды. 2010 жылдан бастап бұл әдістеме компанияда рекрутинг жүргізу үшін қолданылатын болады.

Өндірістік тәжірибелер

2009 жылы ҚР Үкіметі Қазақстандағы адам даму индексінің деңгейін жақсартуға бағытталған «Жол картасы» ұлттық бағдарламасын жүзеге асырудың екінші кезеңіне көшті. Сонымен қатар, жас мамандарға мемлекеттік және жеке кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден өтуге мүмкіндік берген «Жастар тәжірибесі» деп аталатын басқа бағдарлама да жүзеге асырылды. «Эйр Астана» АҚ осы бағдарламаларды қолдап, өндірістік тәжірибеден өткен 22 жас маманды жұмысқа қабылдады.

Қызметкерлерді оқыту және кәсіби даму

2009 жылы «Эйр Астана» әуе компаниясы қызметкерлерді оқыту және дамыту саласына қаражат бөледі жалғастырды.

2009 жылы лауазымы орташа менеджерлерді оқыту басым бағыт болды (ұшқыштар, бортсеріктер, инженерлер, жерде қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері және басқа департаменттерге арналған мамандандырылған курстардан тыс). Қызметкерлердің осы категориясына «Басқару шеберлігінің негіздері» атты арнайы курс әзірленді. Курс барысында үш тренинг ұйымдастырылды: Air Astanology, «Қазіргі заманғы менеджер» және «Топтық ресурсты басқару». Курс шеңберінде 300 лауазымы орташа менеджер оқытылды. Басқа тренингтер қатарында мыналар болды:

- «Шеберлікті жақсарту» – 600-ге жуық қызметкер үшін өткізілді.

- IATA Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының оқыту орталығы ұсынған «Нәтижені басқару» тренингі. Тренингтен 48 қызметкер өтті.

- Өртүрлі жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысатын супервайзерлер мен менеджерлер үшін «Жобаны ANSI PMI PMBOK® Guide 2008 халықаралық стандартына сәйкес басқару» деп аталған тренинг ұйымдастырылды. Оған өртүрлі жобаларды дамыту және жүзеге асыруға тартылған 18 қызметкер қатысты.

- 2009 жылдың 16 қазанында «Лауазымы орташа менеджерлердің табысы – компанияның табысы» айдарында ұйымдастырылған Корпоративтік менеджерлердің бірінші форумы жылдың негізгі оқиғасына айналды. Форумға 150-дей адам қатысты.

Сонымен қатар, барлық қызметкерлер үшін ресми қазақ тілі, ресми орыс тілі және ресми ағылшын тілі бойынша курстар ұйымдастырылды.

2009 жылы қазанда жыл сайын өтетін қызметкерлерді бағалау жүргізілді, оның басты мақсаты басқарудың жоғары стандарттарына сәйкес болу, әр қызметкердің ұзақмерзімді кәсіби өсуіне ықпал ету, қызметкерлердің басшылықпен үнемі және ашық кері байланыста болуы жатады.

Әлеуметтік жинақ

- Компанияның және оның серіктестерінің әуе билеттерін сатып алудағы жеңілдіктер

- Медициналық сақтандыру

- Әуе компанияның қызметкерлері үшін ұйымдастырылатын спорттық іс-шараларға демеушілік (фитнес-клубтарға жазылуды ұйымдастыру, футбол, баскетбол алаңдарын жалға алу, жергілікті және халықаралық жарыстарға қатысу, мысалы, Британ-қазақ қоғамының ұйымдастыруымен жүгіруден өткізілген Қайырымдылық жарысы (Астана қаласы, қыркүйек 2009 ж.), әуе компаниялар қызметкерлерінің арасында жүгіруден жарыс (Гуанчжоу қаласы, Қытай Халық Республикасы), компанияның рафтинг тобына демеушілік таныту)




Қайырымдылық жүгірісі
(Астана, қыркүйек 2009 ж.)

8.2. Әлеуметтік жауапкершілік

«Эйр Астана» әуе компаниясы қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілік саясатын ұстанады. Әлеуметтік жауапкершілік саясаты екі бағытта жүзеге асырылады: қайырымдылық және демеушілік.

Қайырымдылық

2009 жылы жиырмадан астам қайырымдылық шаралары ұйымдастырылды. Олардың қатарына Ұлы Отан соғысы ардагерлерін, ісік және басқа да аурулармен ауыратын балалар мен олардың жақындарын тегін тасымалдау жатады. Балалар ұйымдарына («Кеңес» қоры/ДЦП ауруымен ауыратын



Қайырымдылық балы
(Алматы, қараша 2009 ж.)

балаларға арналған мектеп) демеушілік көрсетуге бенефициар іздеуде «Боинг» компаниясына жәрдем көрсетілді.

Бала құқықтарын қорғаудың бүкіләлемдік күніне орай әуе тасымалдаушы «Родник» Әйелдер мен балаларға арналған әлеуметтік-психологиялық қалпына келтіру және қайта бейімделу орталығы мен Алматы қаласының №1 балалар үйіне компьютерлерді сыйға тартты.

2009 жылғы маусымда «Эйр Астана» – Мейірімді жүрек» қайырымдылық акциясына қатысу үшін Мешалкин атындағы институттың кардиологтары мен кардиохирургтарының сапары ұйымдастырылды. Новосибирсктен келген бұл мамандар Алматыда жүрек-қан тамырлары ауруларымен ауыратын 300-ден астам баланы қарап, Алматы және Астана қалаларындағы медициналық орталықтардың дәрігерлеріне семинарлар ұйымдастырды.

Білім күніне арнап компания қызметкерлері «Эйр Астана» – балалар үшін!»-2009 қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды. Жәрмеңкеден жиналған қаражат Алматы қаласындағы №1 облыстық балалар үйіне және көру қабілеті нашарлаған балаларға арналған мектепке (Алматы) тапсырылды.

Демеушілік

2009 жылы «Эйр Астана» АҚ-ның демеушілігі арқасында өткізілген іс-шаралардың кейбіріне мыналарды жатқызуға болады: Алматыдағы бірінші қайырымдылық балы, шотланд ақыны Роберт Бёрнстің 250 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген ақынды еске алу кеші, Tangeiger тобының Алматыда берген концерті және «Ренессанс Ақтау» қонақүйінде өткізілген клиенттерге алғыс білдіру күні.

2009 жылы қыркүйекте әуе компания Британ-қазақ қоғамының ұйымдастыруымен Астана қаласында өткізілген 7 км қашықтыққа жүгіру сайысының рес-

ми демеушісі болды. Іс-шара Астана қаласындағы Балалар үйі мен Қазақстандағы СОС Балалар қалашықтарын қолдау үшін ұйымдастырылды.

Қарағанды қаласының футболдан олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жас-өспірімдерге арналған «Рахат» мектебі мен Астана қаласындағы кәмелетке толмаған жетім балалар үйінің арасында балалар футболының достық матчы өткізілді. Марапат ретінде балалар Алматы қаласында өткен Қазақстан және Англия құрама командаларының арасындағы футбол матчына барып қайтты.



Футболдан достық матч (Алматы, маусым 2009 ж.)



Регбиден Қазақстанның ерлер құрамасы

8.3. Қоршаған ортаны қорғау


Еуроодақтың парниктік газ шығындыларына қатысты квоталық жүйесі (ETS)

ИАТА Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының мәліметтеріне сәйкес, авиация саласында әуе кемесінен шығатын газдардан қоршаған ортаға келетін зиян мардымсыз. Осыған қарамастан, қауымдастық әуе компанияларға жанармайды тиімді пайдалану көрсеткіштерін 2020 жылға қарай 2005 жылғы деңгеймен салыстырғанда кем дегенде 25%-ға жақсарту туралы міндет қойды. Ұлттық, аймақтық және аймақаралық деңгейде бұл бағытты іске асырудың экономикалық шаралары қолданылып отыр. Еуроодақтың парниктік газ шығындыларына қатысты квоталық жүйесі – осындай шаралардың бірі. 2009 жылдың 13 қаңтарында Еуроодақ авиацияны парниктік газ шығындыларына

қатысты квоталық жүйеге енгізу туралы шешім қабылдады (2008/101/ЕС директивасы). Енгізілген жүйе атмосфераға көмірқышқыл газының бөліну деңгейін азайтуды мақсат ететін 1997 жылғы Киото хаттамасына негізделеді. 2008/101/ЕС директивасына сәйкес 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуропалық Одақ аумағында осы одақ елдеріне ұшатын барлық әуе компанияларға міндетті болып табылатын парниктік газ шығындыларына қатысты квоталық жүйе енгізіледі. 2012 жылы рұқсат етілген шығындыларының жалпы саны бұрынғы деңгейдің 97%-ын құрайтын болады. Квоталардың 82%-ы ақысыз негізде әуе кемелерді пайдаланушылардың арасында таратылатын болады, енді 3%-ы жаңа және тез дамып келе жатқан әуе компаниялар үшін сақталады. Таратылатын квотадан тыс квота мөлшерлері әуе компаниялар арасында сатып алынатын немесе саудаға салынатын болады.

**Әуе компанияларға квота бөлу
2012 ж.**

2010 ж.
критерийлер:
әуе компанияның
тонна-км сомасы



Көрсетілген жүйені енгізу бойынша жүргізілетін іс-шаралардың төмендегі жоспары Еуропалық Одақ елдеріне ұшатын барлық әуе компаниялар үшін орындауға міндетті болып табылады:

| Күні | Іс-шара |
|--------------------|---|
| Тамыз 2009 жыл | Мониторинг жоспарын ұсыну |
| 1 қаңтар 2010 жыл | Газ шығындары және тонна-километр көрсеткіштері туралы мәліметтерді есепке алу жұмысын бастау |
| 31 наурыз 2011 жыл | 2010 ж. бойынша расталған тонна-километр көрсеткіштерін жіберу арқылы 2012 жыл және одан кейінгі сауда мерзіміне тегін квоталар алуға өтініш беру |
| 31 наурыз 2011 жыл | 2010 ж. газ шығындары туралы есепті растау |
| Ақпан 2012 жыл | 2012 ж.-ға тегін квоталар алу |
| 31 наурыз 2012 жыл | 2011 ж. газ шығындары туралы есепті растау |
| Ақпан 2013 жыл | 2013 ж.-ға тегін квоталар алу |
| 31 наурыз 2013 жыл | 2012 ж. газ шығындары туралы есепті растау |
| 30 сәуір 2013 жыл | 2012 ж. газ шығындары бойынша таратылған квоталарды тапсыру. Қолданылмаған квоталар жойылады |

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы белгіленген мерзім ішінде құзырлы орган – Германияның көмірқышқыл газдары бойынша лицензияларды сату басқармасына (Deutsche Emissionshandelsstelle, DEHSt) мониторинг жоспарын тапсырды. Верификациялау процесі төмендегі критерийлерді растайды:

- рейстер мен газ шығындары туралы мәліметтердің Еуропаның Әуе қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі ұйымының (EUROCONTROL) мәліметтерімен толықтай сәйкес келуі;
- есептік мәліметтерде және әуе кемелердің массасы мен олардың салмағын үлестіру туралы құжаттамада жүйелілікті сақталуы;
- жанармайды пайдалану мен сатып алынған жанармай туралы деректердің бір-біріне сәйкестігі.

Компания парниктік газ шығындарын есепке ала бастады. Сонымен қатар, компания операциялық статистиканы есептеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы орындалған тонна-километрлердің тұрақты есебін жүргізеді.

ETS жүйесінің енгізілуі авиация саласына кері әсерін тигізеді деп күтілуде. Дегенмен, бүгінгі таңда бұл бастаманың әуе компаниялардың тарифтарына, соның ішінде «Эйр Астана» әуе компаниясының тарифтік саясатына қаншалықты әсер ететінін нақты

айту мүмкін емес. Бұл әсер әуе компания 2012 жылы алатын квотаға және шығынды бойынша белгіленетін квотаның бір бірлігінің құнына байланысты болады.

Компания төрт Боинг 757-200 ұшағына винглеттер орнатып, бұл іс-шара жанармайды 5%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл IATA әзірлеген «Four-Pillar Climate Change Strategy» (технологияларға қаражат бөлу арқылы атмосфераға бөлінетін көмірқышқыл газын азайту, әуе кемелерді пайдалануды оңтайландыру, рационалды инфрақұрылым және оңтайлы экономикалық іс-шаралар) деп аталатын стратегиясының талаптарына сәйкес келеді. Қазір қолда бар технологиялар ұшақтарды пайдалануда жанармайды тиімді пайдаланудың көрсеткіштерін 5-10%-ға дейін жақсартуға мүмкіндік береді. «Эйр Астана» АҚ – Қазақстанда Эрбас 319/320/321 әуе кемелерін пайдалана бастаған бірінші әуе компания. Бұл ұшақтар жайлы, экологиялық жағынан алғанда таза, сонымен қатар, өз класы бойынша жанармайды ең аз жұмсауымен және зиянды шығындардың өрішудың ең аз деңгейімен ерекшеленеді. Өз қызметінде «Эйр Астана» әуе компаниясы заңнама талаптарына және қызмет саласының жалпылай танылған стандарттарына сәйкес қоршаған ортаға деген барынша құнтты өрі ұтымды қатынас қағидаларына жүгінеді.



«ҚОС МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
КӨК, ЖАСЫЛ, САРЫ ТҮСТЕРМЕН БОЯЛАДЫ.

9.

Корпоративтік басқару

Акционерлер

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ туралы

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қазақстан Республикасы президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылдың 3 қарашасында «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның қосылуы арқылы құрылды.

Тіркелген мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000 Астана қ.,
Қабанбай батыр даңғ., 23

BAE Systems компаниясы туралы

BAE Systems Plc. – ауадағы, жердегі, теңіздегі және ғарыштағы алдыңғы қатарлы қорғаныс және аэроғарыштық жүйелерді шығару, сату және қолдаумен айналысатын халықаралық компания.

Тіркелген мекенжайы:

P.O. Box 87
Warwick House
Farnborough Aerospace Centre
Farnborough
Hampshire
GU14 6YU
United Kingdom

Директорлар кеңесі


Директорлар кеңесінің төрағасы

Байдәулетов Н. Т. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры

Директорлар кеңесінің мүшелері

| | |
|--------------------------------|--|
| Бектұров А. Ф. | – Директорлар кеңесінің мүшесі (27.08.2009 ж.-ға дейін) – Директорлар кеңесі Тағайындаулар комитетінің мүшесі – Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар вице-министрі |
| Дүйсембаев Е. С. | – Директорлар кеңесінің мүшесі (27.08.2009 ж.-дан бастап) – Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар вице-министрі |
| Брэдли Н. Ф. | – Директорлар кеңесінің мүшесі – Директорлар кеңесі Тағайындаулар комитетінің мүшесі – коммерция және сатып алу жөніндегі директор, «Бағдарламалар және халықаралық клиенттерді қолдау» бөлімшесі, BAE Systems |
| Брент Д.М. | – Директорлар кеңесінің мүшесі – топ қазынашысы (BAE Systems) |
| Лорд Томас Александр Хескет | – тәуелсіз директор – Babcock International Group, plc компаниясы төрағасының атқарушы емес орынбасары |
| Ларионов Д.В. | – тәуелсіз директор – BDO, BDO Қазақстанаудит және ХҚЕС желісі бойынша серіктес – Халықаралық есепшілер федерациясының Дамушы ұлттар комитетінің мүшесі – ҚР Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит мәселелері жөніндегі сарапшылар кеңесінің мүшесі – ҚР Кәсіби есепшілер палатасының Халықаралық байланыстар жөніндегі комитетінің төрағасы |

Корпоративтік басқару органдары



Тәуелсіз тіркеуші

«Қаржы орталығы» АҚ

Тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы
050012, Алматы қ., Мәуленов к-сі, 92

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050091,
Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 79а

Телефон: +7 (727) 250 89 60/61

Факс: +7 (727) 250 16 96

Тәуелсіз аудитор

«Делойт» ЖШС

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы,
050059, Алматы қ.

Әл-Фараби даңғ., 36

Алматы қаржы орталығы, «Б» ғимараты

Телефон: +7 (727) 258 13 40

Факс: +7 (727) 258 13 41

Корпоративтік басқару қағидалары

• Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы – акционерлердің заңнамада қарастырылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу; Қоғамның тиімді қызмет атқаруы, соның ішінде Қоғам активтерінің өсуіне және Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен пайдалылығына мүмкіндік туғызу. Қоғамның дивиденд саясаты акционерлер, потенциалды инвесторлар мен Қазақстан Республикасының жұртшылығы зерттеп білуі үшін жеткілікті түрде айқын әрі түсінікті болуы тиіс.

• Директорлар кеңесінің тиімді басқаруы – акционерлер мен Қоғамның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру; акционерлер алдында өз қызметінің айқындығын қамтамасыз ету; дивидендтердің мөлшері мен оларды төлеу шарттарын анықтаудың қарапайым әрі айқын механизмін қамтамасыз ету.

• Атқарушы органның тиімді басқаруы – Қоғам міндеттерін орындау мен стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасау. Атқарушы органның қызметі шыншылдық, адалдық, парасаттылық, сақтық және жүйелілік қағидалары бойынша жүзеге асырыла-

ды. Акционерлер, Директорлар кеңесінің мүшелері және атқарушы орган арасындағы қатынастар өзара сенім, сыйластық, есептілік пен бақылау негізінде құрылады.

• Қоғам қызметі туралы ақпаратты айқын және әділ мәлімдеу қағидасы – Акционерлер мен мүдделі тұлғалар алдында Қоғам туралы, соның ішінде оның қаржылық жағдайы, оның қызметінің экономикалық көрсеткіштері, нәтижелері, меншігі мен басқару құрылымы туралы шынайы ақпараттың уақытылы жариялануын қамтамасыз ету.

• Жауапкершілік қағидасы – Қоғам қызметкерлерінің заңнамада қарастырылған құқықтарын қорғау; Қоғам қызметкерлерін оқыту және әлеуметтік қорғау нормаларын сақтау; Қоғам қызметкерлерін іріктеуде айқындылықты қамтамасыз ету; Қоғам қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға жәрдемдесу және олардың жұмысы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету; Заңнама талаптарына сәйкес қоршаған ортаға деген барынша құнтты әрі ұтымды қатынас; демеушілік қолдау көрсету және/немесе қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыру арқылы әлеуметтік жауапкершілікті қамтамасыз ету.

Акционерлердің жалпы жиналысы

2009 жылы «Эйр Астана» акционерлік қоғамында акционерлердің жалпы жиналысы бес рет көзбе-көз түрде өткізілді.

| <i>Жиналыс күні</i> | <i>Акционерлердің жалпы жиналыстарында қарастырылған мәселелер</i> |
|---------------------|--|
| <i>06 наурыз</i> | <ul style="list-style-type: none"> • Қоғамның 2009 жылға арналған бюджетін бекіту • Қоғам Директорлар кеңесінің Эмбраер 190-LR әуе кемелерін операциялық лизингке алуға байланысты JetScape Inc. компаниясымен ірі мәміле жасау туралы шешімді бекітуі • Қоғамның әуежанармай бағалары бойынша шұғыл хеджирлеу мәмілесін жасау саясаты |
| <i>13 сәуір</i> | <ul style="list-style-type: none"> • Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның келесі компаниялармен ірі мәмілелер жасау туралы шешімді бекітуі: <ul style="list-style-type: none"> – ILFC (International Lease Finance Corporation) компаниясымен Боинг 757-200 әуе кемесі бойынша лизингтік келісімшарт мерзімін ұзарту – Stockholm Aircraft Finance B.V. компаниясымен Фоккер 50 әуе кемелері бойынша лизингтік келісімшарт мерзімін ұзарту |
| <i>11 мамыр</i> | <ul style="list-style-type: none"> • Қоғамның Директорлар кеңесінің JetScape Inc. компаниясымен Эмбраер 190-LR әуе кемелерін операциялық лизингке алуға байланысты жасаған ірі мәміленің шарттарына өзгерістер енгізу туралы шешімді бекітуі • «Қоғамның Дивиденд саясаты туралы Ережесін» бекіту • «Қоғам акцияларды сатып алған кезде Қоғам акцияларының құнын белгілеудің Өдістемесін» бекіту |

27 тамыз

- Қоғамның 2008 жыл үшін жылдық есебі
- Қоғамның 2008 жылдағы қаржылық есептілігін бекіту
- Қоғамның 2008 жылдағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту
- Қоғамның 2009-2013 жылдарға арналған бизнес жоспарын бекіту
- Қоғамның Директорлар кеңесінің келесі компаниялармен ірі мәмілелер жасауы туралы шешімді бекіту:
 - GE Engine Services, Inc. компаниясынан Боинг 767-300ER әуе кемелерінің сериясы CF6 қозғалтқыштарына күрделі жөндеу қызметтерін алу бойынша
 - ALS USA Leasing Inc. компаниясымен Эрбас 320-200 әуе кемесінің лизингтік мерзімін ұзарту бойынша
- Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау

03 желтоқсан

- Қоғамның Директорлар кеңесінің Боинг 757-200 әуе кемелерінің сериясын RB211-535E4 қозғалтқыштарына ағымдағы және күрделі жөндеу қызметтерін алу бойынша Қоғамның Ameco Beijing компаниясымен ірі мәміле жасау туралы шешімді бекіту
- Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Директорлар кеңесінің мәжілістері

2009 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің бес, соның ішінде төрт көзбе-көз мәжілісі өткізілді.

Мәжіліс күні

Директорлар кеңесінің мәжілістерінде қарастырылған мәселелер

04 ақпан

- Қоғам президентінің Қоғамның 2008 жылдың он айындағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебі
- Қоғамның 2009 жылға арналған бюджетін алдын-ала мақұлдау
- Қоғамның кең фюзеляжды реактивті әуе кемелерін операциялық лизингке алу мәселесі бойынша жаңартылған ақпарат
- Қоғамның аймақтық реактивті әуе кемелерін операциялық лизингке алу мәселесі бойынша жаңартылған ақпарат
- Қоғамның Эмбраер 190-LR әуе кемелерінің лизингі бойынша JetScare Inc. компаниясымен ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдауы
- Қазақстан Республикасының әуекеросин бағаларының нарығындағы жағдай
- Қоғамның әуежанармай бағалары бойынша хеджирлеу келісімшартын жасаудағы саясатын бекіту
- Қоғамның Директорлар кеңесінің 2009 жылғы мәжілістерінің жұмыс жоспарын және кестесін бекіту
- Қоғамның қызметкерлеріне іссапар бойынша төленетін шығындарды өтеудің тәртібі мен шарттарын жыл сайынғы бекіту
- Қызметтік автомобильдерді пайдаланудың және Қоғамдағы әкімшілік аппаратты орналастырудың нормаларын жыл сайынғы бекіту
- Қоғамның қызметкерлеріне ұялы байланыс пен өкілдік шығындарды пайдалану нормаларын жыл сайынғы бекіту

12 наурыз

- Қоғам Президентінің Қоғамның 2008 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің алдын-ала нәтижелері туралы есебі
- Қоғамның 2008 жылғы ұшулар қауіпсіздігі туралы есебі
- Жолаушылар тасымалы рыногындағы жағдай туралы ақпарат. Теңгенің құнсыздануы және әуежанармайды сатып алу мәселесі
- Қайта қарастырылған табыстар мен шығындар туралы есеп және ақша қаражаттары қозғалысының 2009 жылға арналған болжамы
- Әуе кемелер паркі бойынша 2009-2013 жылдарға арналған жоспар

- Қоғамның келесі компаниялармен ірі мәмілелер жасауы туралы шешімді бекітуі:
 - ILFC (International Lease Finance Corporation) компаниясымен Боинг 757-200 әуе кемесінің лизингтік мерзімін ұзарту
 - Stockholm Aircraft Finance B.V. компаниясымен Фоккер 50 әуе кемесі бойынша лизингтік келісімшарт мерзімін ұзарту
- Қоғамның Әзірбайжан Республикасының Баку қаласындағы өкілдігін құру туралы шешімді бекітуі
- «Қоғамның Алматы қаласындағы өкілдігі туралы Ережеге» өзгерістер енгізуді бекіту
- «Қоғамның сатып алуларды жүзеге асыру туралы Ережелерін» бекіту
- «Қоғамның ішкі бақылау туралы Ережесін» бекіту
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2009 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту

10 сәуір

- Қоғамның Қытай Халық Республикасының Үрімші қаласындағы өкілдігін құру туралы шешімді қабылдау және өкілдік туралы ережені бекіту
- Қоғамның Әзірбайжан Республикасы, Қытай Халық Республикасының Бейжің қаласындағы және Ресей Федерациясындағы өкілдіктері туралы Ережелерді бекіту
- Эмбраер 190-LR әуе кемесінің лизингі бойынша JetScape Inc. компаниясымен жасалатын ірі мәміленің шарттарына алдын-ала өзгерістер енгізу

27 сәуір

- Қоғам Президентінің «Қытай Банкі – Үрімші» банкінде есептік шоттарды ашу туралы шешімін бекіту
- «Қоғамның корпоративтік ақпарат саясаты туралы Ережесін» бекіту

06 маусым

- Қоғам Президентінің Қоғамның 2008 жылдағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебі
- Қоғамның 2008 жылғы қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту
- Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның 2008 жылғы таза табысын бөлу тәртібі және 2008 жылы Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар жасау
- Қоғам президентінің Қоғамның 2009 жылдың төрт айындағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебі
- Қоғамның 2009-2013 жылдарға арналған бизнес-жоспарын алдын-ала мақұлдау
- Қоғамның келесі компаниялармен ірі мәмілелер жасауы туралы шешімді бекітуі:
 - GE Engine Services, Inc. компаниясымен Боинг 767-300ER әуе кемелерінің сериясы CF6 қозғалтқыштарына күрделі жөндеу қызметтерін алу бойынша
 - ALS USA Leasing Inc. компаниясымен Эрбас 320-200 әуе кемесінің лизингтік мерзімін ұзарту бойынша

10 тамыз

- Қоғам президентінің «Ресей Жинақ Банкі» АҚ ЕБ, «Әзірбайжан Халықаралық Банкі» ААҚ және Ситибанк Корея банктерінде шоттар ашу туралы шешімін бекіту

10 қыркүйек

- Қоғамның 2009 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша ұшулар қауіпсіздігі, соның ішінде Еуропалық Одақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитеті/ИКАО ұйымдарымен байланысты мәселелер туралы есебі
- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне қарасты Азаматтық авиация комитетінің (ААК) ИКАО Халықаралық азаматтық авиация қауымдастығы айқындап көрсеткен кемшіліктерді жоюға қатысты жұмыс барысы туралы ақпарат
- Қоғам президентінің Қоғамның 2009 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебі
- Әуе кемелерін сатып алу жағдайы және қаржыландыру кестесі туралы ақпарат

- Боинг 757-200 әуе кемелерінің сериясы RB211-535E4 қозғалтқыштарына ағымдағы және күрделі жөндеу қызметтерін алу бойынша Қоғамның Ameco Beijing компаниясымен ірі мәміле жасау туралы шешімін қабылдау
- Қоғам президентінің қосымша Фоккер 50 әуе кемелерін операциялық лизингке алу туралы ұсынысы
- Қоғамның корпоративтік алаяқтықтың алдын алу саясатын бекітуі
- Әрі қарай Қоғамның жалпы акционерлер жиналысында қарастыру үшін Қоғамның заңды мекенжайының (орналасқан жерінің) өзгеруіне байланысты Қоғам Жарғысына өзгерістер енгізуді ұсыну

26 қараша

- «Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы Ережесін» алдын-ала бекіту
- 2008 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін бекіту
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің құрылымын өзгерту

10 желтоқсан

- Қоғам президентінің Қоғамның 2009 жылдың тоғыз айы бойынша қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебі
- Ұшулар қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалаумен байланысты жағдай бойынша баяндама жасау (Еуропалық Одақ Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитетінің шешімі және ИКАО аудиті)
- Қоғамның 2010 жылға арналған жылдық бюджетін алдын-ала мақұлдау
- Қоғамның 2010-2014 жылдарға арналған бизнес-жоспарын алдын-ала мақұлдау
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2010 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту
- Қоғамның Директорлар кеңесінің 2010 жылға арналған жұмыс жоспары мен мәжілістер кестесін бекіту
- Қоғам жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеу сызбасын және еңбекақы төлеу мен ынталандыру жүйесін жыл сайынғы бекіту
- Іссапарларға жіберілгенде Қоғамның қызметкерлеріне шығындарды төлеудің тәртібі мен шарттарын жыл сайынғы бекіту
- Қызметтік автомобильдерді пайдаланудың және Қоғамдағы әкімшілік аппаратты орналастырудың нормаларын жыл сайынғы бекіту
- Қоғамның қызметкерлеріне ұялы байланыс пен өкілдік шығындарды пайдалану нормаларын жыл сайынғы бекіту

18 желтоқсан

- Қоғам президентінің Қоғамның Фоккер 50 әуе кемесін операциялық лизингке алу мәселесі бойынша Stockholm Aircraft Finance B.V. компаниясымен мәміле жасауы туралы ұсынысы
- Қоғам президентінің жаңа Эрбас 320 әуе кемесіне қозғалтқыш түрін және Қоғамның Airbus S.A.S. компаниясымен жасалған сатып алу-сату келісімшарты бойынша алынған сатып алу үшін белгіленген қосымша опциондарды таңдау туралы ұсынысы
- Қоғамның Эрбас 321 әуе кемелері үшін қосалқы қозғалтқыш сатып алу бойынша ірі мәміле жасау туралы шешімін бекіту

2009 жылы Аудит комитеті қарастырған мәселелер

2009 жылы Аудит комитетінің бес, соның ішінде үш көзбе-көз мәжілісі өткізілді. Қарастырылған мәселелер:

- Аудит комитетінің 2009 жылға арналған жұмыс жоспары

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2009 жылға арналған жылдық аудиттік жоспары

- «Қоғамның ішкі бақылау жүйесі туралы Ереже»

- «Делойтт» ЖШС-нің Қоғамның 2008 жыл бойынша жасалған қаржылық есебіне жүргізетін сыртқы аудитінің жағдайы туралы ақпараты

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі басшысының Қоғам Ішкі аудит қызметінің 2008 жылдың IV тоқсанындағы қызметі туралы есебі

- Тәуелсіз аудитордың Қоғамның 2008 жыл бойынша жасалған қаржылық есептілігіне өткізілген аудиттің қорытындылары бойынша Қоғамның басшылығына жазған хатын қарастыру

- Қоғам басшылығының тәуелсіз аудиторға жазған хатын қарастыру

- Қоғамның 2008 жыл бойынша жасалған қаржылық есептілігін алдын-ала мақұлдау мәселесі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар жасау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі басшысының Қоғам Ішкі аудит қызметінің 2009 жылдың I тоқсанындағы қызметі туралы есебі

- Қоғамның алаяқтықтың алдын алу саясатын мақұлдау мәселесі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар жасау

- ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қоғам қызметін тексерудің нәтижелері туралы актісін және Қоғамның ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қоғам қызметін тексерудің нәтижелері туралы актісіне қатысты Ерекше пікірін қарастыру

- «Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы Ережесіне» өзгерістер енгізуді алдын-ала мақұлдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі басшысының Қоғам Ішкі аудит қызметінің 2008 жылдың II және III тоқсандарындағы қызметі туралы есебі

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін алдын-ала мақұлдау

- Ішкі аудит қызметі басшысының Қоғамның Ішкі аудит қызметінің құрылымын өзгертуге қатысты баяндамасын тыңдау

- Қоғамның заң департаментінің сот дау-дамайларының жағдайы туралы ақпараты

- «Делойтт» ЖШС-нің Қоғамның 2009 жыл бойынша қаржылық есептілігіне жүргізген сыртқы аудитінің ағымдағы жағдайы туралы ақпараты

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2010 жылға арналған жылдық аудиттік жоспарын алдын-ала бекіту

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін оқытудың 2010 жылға арналған бюджетін алдын-ала бекіту

2009 жылы Сыйақылар комитеті қарастырған мәселелер

2009 жылы Сыйақылар комитетінің екі, соның ішінде бір көзбе-көз мәжілісі өткізілді. Қарастырылған мәселелер:

- Қоғамның Директорлар кеңесі Сыйақылар комитетінің 2009 жылға арналған жұмыс жоспары

- 2008 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам президентіне берілетін сыйақыны төлеуге қатысты ұсыныстар

- 2008 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне берілетін сыйақыны төлеуге қатысты ұсыныстар.



«СЫҢАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
ЫРҒАҚТЫ ҚҰРЫЛЫМ КОМПОЗИЦИЯНЫҢ ШЕТІН
БЕЗЕНДІРУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

10.

Акционерлер мен инвесторларға

Дивидендтер

- Қоғамның Дивидендтер туралы саясатына сәйкес дивидендтер төлеуге жұмсалатын қаражат Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған қаржылық есептілік негізінде белгіленетін таза табыстың 25%-ын құрайды.

- Қоғамның 2009 жылғы қаржы нәтижесі есепке алынып, дивидендтер төлеуге жұмсалатын қаражат Қоғамның таза табысының 35%-ын құрады.

- 2009 жылы Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері 145 722,46 (жүз қырық бес мың жеті жүз жиырма екі) теңге 46 тиынды құрады.



«СЫҢАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
ТЕКЕМЕТ, СЫРМАҚ СИЯҚТЫ КИІЗ БҰЙЫМДАРДЫ
ӘШЕКЕЙЛЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЗАҚ
ОЮЛАРЫНЫҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН ТҮРІ.

11.

2009 жылғы қаржылық есептілік

Бұл есептілік аудит тексеруінен өткен жылдық есептілік негізінде дайындалған. Аудит тексеруінен өткен есептілік үшін ағылшын және орыс тілдеріндегі нұсқаларды көріңіз.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың толық кірісі жөніндегі есеп

(мың теңге)

| | 2009 ж. | 2008 ж. |
|--|---------------------|---------------------|
| Табыс | | |
| Жолаушылар тасымалы | 78 656 016 | 75 625 254 |
| Жүк және пошта | 2 261 406 | 2 188 094 |
| Басқасы | 1 574 681 | 1 487 167 |
| Жалпы табыс | 82 492 103 | 79 300 515 |
| Операциялық шығын | | |
| Жанармай | (13 614 778) | (21 735 401) |
| Инженерлік-техникалық қызмет | (10 730 028) | (8 120 152) |
| Ұшақтардың операциялық лизингі | (10 617 311) | (7 820 731) |
| Әуежай қызметі және навигация | (9 770 378) | (9 176 662) |
| Қызметкерлерді жалдау | (9 108 547) | (6 990 402) |
| Жолаушыларға қызмет көрсету | (6 684 252) | (7 067 740) |
| Сатуға байланысты шығындар | (6 511 095) | (7 021 168) |
| Экипаждарға байланысты шығындар | (4 203 026) | (4 565 063) |
| Амортизация | (1 001 928) | (482 910) |
| Салықтар | (643 588) | (684 812) |
| Сақтандыру | (626 369) | (587 420) |
| Мүлік жалдау | (602 418) | (441 552) |
| Ақпараттық технологиялар | (349 389) | (312 371) |
| Консультациялық, заңдық және кәсіптік қызмет | (170 766) | (382 277) |
| Басқасы | (510 417) | (939 383) |
| Жалпы операциялық шығын | (75 144 290) | (76 328 044) |
| Операциялық кіріс | 7 347 813 | 2 972 471 |
| Қаржы кірістері | 638 421 | 541 937 |
| Қаржы шығындары | (95 820) | (112 493) |
| Бағам айырмашылықтарынан келетін кірістер/(шығындар), (таза мөлшері) | 1 110 288 | (155 830) |
| | 1 652 889 | 273 614 |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | 9 000 702 | 3 246 085 |
| Табыс салығынан келетін шығындар | (1 922 754) | (1 191 923) |
| Жылдық таза пайда/жылдық жалпы жиынтық кіріс | 7 077 948 | 2 054 162 |
| Акцияға келетін негізгі және акцияға тоғытылған пайда (теңге) | 416 350 | 120 833 |

2009 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай жөніндегі есеп


(мың теңге)

| | 2009 ж. | 2008 ж. |
|--|-------------------|-------------------|
| АКТИВТЕР | | |
| Ұзақ мерзімді активтер | | |
| Негізгі құрал-жабдық | 4 012 704 | 3 987 565 |
| Материалдық емес активтер | 335 567 | 300 444 |
| Ұзақ мерзімге төленген алдын-ала төлемдер | 1 315 723 | 809 885 |
| Кепілдендірілген депозиттер | 2 220 431 | 1 878 868 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 461 766 | 173 439 |
| Банктегі депозиттер | 7 376 398 | - |
| | 15 722 589 | 7 150 201 |
| Ағымдағы активтер | | |
| Тауар-материалдық қорлар | 3 103 795 | 2 582 133 |
| Алдын-ала төлемдер | 1 718 084 | 2 189 391 |
| Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем | 605 411 | 553 473 |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек | 5 235 733 | 4 146 104 |
| Басқа салықтар бойынша алдын-ала төлем | 1 269 012 | 1 507 665 |
| Кепілдендірілген депозиттер | 345 258 | 118 216 |
| Банктегі депозиттер | 2 926 809 | 2 244 314 |
| Ақшалай қаражат және ақша баламалары | 3 265 051 | 4 190 952 |
| Әділ құн бойынша бағаланып, кіріс немесе шығын арқылы көрсетілетін қаржылық активтер | 201 852 | - |
| | 18 671 005 | 17 532 248 |
| Активтер жиынтығы | 34 393 594 | 24 682 449 |
| КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | |
| Капитал | | |
| Жарғылық капитал | 2 501 550 | 2 501 550 |
| Қосымша төленген капитал | 48 996 | 48 996 |
| Үлестірілмеген пайда | 18 623 378 | 12 058 971 |
| Капитал жиынтығы | 21 173 924 | 14 609 517 |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | | |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер | - | 37 245 |
| Әуе кемелерге техникалық қызмет көрсетуге арналған сақтық қор | 908 507 | 1 157 100 |
| | 908 507 | 1 194 345 |
| Ағымдағы міндеттемелер | | |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер | 46 109 | 109 170 |
| Алдағы кезеңдегі табыстар | 6 516 418 | 4 555 337 |
| Әуе кемелерге техникалық қызмет көрсетуге арналған сақтық қор | 1 535 741 | 888 087 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 4 162 838 | 3 325 993 |
| Әділ құны бойынша бағаланып, кіріс немесе шығын арқылы көрсетілетін қаржылық міндеттемелер | 50 057 | - |
| | 12 311 163 | 8 878 587 |
| Міндеттемелер жиынтығы | 13 219 670 | 10 072 932 |
| Капитал мен міндеттемелер жиынтығы | 34 393 594 | 24 682 449 |

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың капиталдағы өзгерістері жөніндегі есеп

(мың теңге)

| | Жарғылық капитал | Қосымша капитал | Үлестірілмеген пайда | Капитал жиынтығы |
|-------------------------------------|------------------|-----------------|----------------------|-------------------|
| 2008 жылдың 1 қаңтарында | 2 501 550 | 48 996 | 11 087 837 | 13 638 383 |
| Жылдың жалпы жиынтық пайдасы | - | - | 2 054 162 | 2 054 162 |
| Төленген дивидендтер | - | - | (1 083 028) | (1 083 028) |
| 2009 жылдың 1 қаңтарында | 2 501 550 | 48 996 | 12 058 971 | 14 609 517 |
| Жылдың жалпы жиынтық пайдасы | - | - | 7 077 948 | 7 077 948 |
| Төленген дивидендтер | - | - | (513 541) | (513 541) |
| 2009 жылдың 31 желтоқсанында | 2 501 550 | 48 996 | 18 623 378 | 21 173 924 |




«СЫҢАР МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.
КЕҢ ТАРАЛҒАН ТҮСТЕРІ – ҚЫЗЫЛ ЖӘНЕ ҚАРА.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы жөніндегі есеп

(мың теңге)

| | 2009 ж. | 2008 ж. |
|--|--------------|--------------|
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ | | |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | 9 000 702 | 3 246 085 |
| Түзетулер: | | |
| Негізгі құрал-жабдықтардың және материалдық емес активтердің тозуы және амортизациясы | 1 001 928 | 482 910 |
| Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің істен шығуынан келетін шығын | 262 125 | 216 670 |
| Күмәнді қарыздар бойынша сақтық қорлардағы өзгерістер | 226 487 | 111 154 |
| Өтімсіз тауар-материалдық қорларға арналған сақтық қорлардағы өзгерістер | 48 651 | - |
| Бағамдық айырмашылықтан түскен (табыс)/шығын | (1 110 288) | 155 830 |
| Қаржы табыстары | (638 421) | (541 937) |
| Қаржылық жалдау бойынша пайыздық шығындар | 5 762 | 11 458 |
| Әділ құн бойынша бағаланып, кіріс немесе шығын арқылы көрсетілетін қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша таза іске асырылмаған шығын | 20 341 | - |
| Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат | 8 817 287 | 3 682 170 |
| Дебиторлық берешектің өсуі | (476 083) | (1 825 060) |
| Басқа дебиторлық берешектің және алдағы кезеңдегі шығындардың кемуі/(өсуі) | 524 400 | (187 109) |
| Тауар-материалдық қорлардың өсуі | (571 050) | (986 679) |
| Кепілдендірілген депозиттердің кемуі/(өсуі) | 88 799 | (44 224) |
| Сауда кредиторлық берешектің және есептелген шығындар мен өзге де ағымдағы міндеттемелердің өсуі/(кемуі) | 930 322 | (487 387) |
| Алдағы кезеңдегі табыстардың өсуі/(кемуі) | 1 961 081 | (95 829) |
| Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат | 11 274 756 | 55 882 |
| Төленген табыс салығы | (2 405 113) | (270 833) |
| Төленген сыйақы | (4 425) | (14 064) |
| Операциялық қызметтен жиналған/(қолданылған) таза ақшалай қаражат | 8 865 218 | (229 015) |
| ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ | | |
| Әуе кемелер және негізгі қорлар үшін жасалған алдын-ала төлем | (1 707 781) | (2 041 364) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | (121 635) | (50 684) |
| Жедел банк депозиттерін орналастыру | (11 576 859) | (30 860 818) |
| Жедел банк депозиттерін қайтару | 3 857 944 | 36 125 914 |
| Алынған сыйақы | 343 227 | 800 918 |
| Инвестициялық қызметте (қолданылған)/инвестициялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат | (9 205 104) | 3 973 966 |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ | | |
| Банк қарыздарының түсімі | - | 119 700 |
| Банк қарыздарының төлемі | - | (119 700) |
| Дивидендік төлемдер | (513 541) | (1 083 028) |
| Қаржылық жалдау бойынша төлемдер | (137 548) | (173 244) |
| Қаржылық қызметте қолданылған таза ақшалай қаражат | (651 089) | (1 256 272) |
| АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН АҚША БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА (КЕМУІ)/ӨСУІ | | |
| Бағамдық айырмашылықтың шетелдік валютадағы ақша қаражатына әсері | 65 074 | (95 269) |
| Жыл басындағы АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН АҚША БАЛАМАЛАРЫ | | |
| | 4 190 952 | 1 797 542 |
| Жыл соңындағы АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН АҚША БАЛАМАЛАРЫ | | |
| | 3 265 051 | 4 190 952 |



«СЫНЫҚ МҮЙІЗ» ӨРНЕГІ.

ХАЛЫҚ ШЕБЕРЛЕРІ БҰЛ ӨРНЕКПЕН КІЛЕМДЕРДІ, БЕЗЕНДІРІЛГЕН ӨРМЕЛЕРДІ, БАСҚҰР, АЛАША, СӨМКЕЛЕРДІ ӘШЕКЕЙЛЕГЕН. НЕГІЗГІ ТҮСТЕРІ – ҚЫЗЫЛ, КҮРЕҢ ҚЫЗЫЛ, ЖАСЫЛ, ҚОҢЫР ЖӘНЕ ҚАРА.

12.

2010 жылға арналған негізгі міндеттер

Еуропалық Одақтың рейстер орындауға тыйым салуы

Әуе компанияға Еуропалық Одақтың аймағына рейстерді орындауға мүмкіндік беріп отырған статусын бір қалпында ұстау компания үшін негізгі міндет болып саналады. Қазақстандық әуе компаниялар Қазақстанның авиациялық әкімшілігі ИКАО айқындаған сәйкессіздіктерді жоюға байланысты тиісті іс-шараларды әзірлеп, орындағаннан кейін Еуроодақтың «қара тізімінен» шығарылуы тиіс. «Эйр Астана» әуе компаниясы Қазақстанның Азаматтық авиация комитетіне кәсіби қолдау көрсетуін жалғастыруда.

Бірыңғай кедендік тариф

Әуе компанияның операциялық қызметіне ықпал ететін сыртқы факторлардың бірі – Бірыңғай кедендік одақ шеңберінде енгізілуі көзделген шеттен әкелінетін батыстық әуе кемелерге салынатын кедендік баждар. Мұндай баждар Ресей Федерациясы, Беларусь және Қазақстан Республикасының арасындағы Бірыңғай кедендік одақтың Кедендік кодексі қабылданғаннан кейін енгізіледі деп күтілуде. «Эйр Астана» АҚ Бірыңғай кедендік одақтың барлық әуе тасымалдаушыларын аталған баждардан босату мақсатында Қазақстанның мемлекеттік органдарымен белсенді жұмыс жүргізуін жалғастыруда.

Әуе кемелері бойынша қабылданатын шешімдер

- Батыс Қазақстандағы әуе қатынастарын қамтамасыз ету және Атырау – Амстердам рейсіне ыңғайлы түйісулердің болуы үшін алтыншы Фоккер 50 ұшағын пайдаланымға енгізу. Бұл әуе компанияға Атырау қаласында Фоккер 50 әуе кемелерінің базасын құруға және Батыс Қазақстанда қалааралық рейстер орындауға мүмкіндік береді.

- 2012 жылы әуе компанияның әуе кемелері паркіндегі Фоккер 50 ұшақтарын ауыстыру мәселесін қарастыру және ол бойынша шешім қабылдау.

- Эрбас 320 ұшақтарын сатып алуды қаржыландыру.

- Эмбраер 190-LR әуе кемелерін пайдаланымға енгізудің дайындық жұмыстарын жүргізу. 2011 жылдың бірінші тоқсанында жаңа әуе кемелердің келуі «Эйр Астана» акционерлік қоғамына әуе компанияның аймақтық бағыттар желісін тиімді дамытуына және рыноктағы потенциалды сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Бағыттар желісін дамыту

Орталық Азия аймағында жаңа бағыттар ашу. Бұл стратегия Бішкек, Новосибирск және Баку қалаларына орындалатын рейстердің ашылуымен басталды. Ташкент және Душанбе бағыттары бойынша рейстер ашу жоспарланып отыр.

Қосымшалар

і. Өуе компанияның 2009 жылдағы бағыттар желісі


Ішкі бағыттар

Алматы – Ақтау
Алматы – Ақтөбе
Алматы – Астана
Алматы – Атырау
Алматы – Қарағанды
Алматы – Қызылорда

Алматы – Орал
Алматы – Өскемен
Алматы – Павлодар
Алматы – Шымкент
Астана – Ақтөбе

Астана – Атырау
Астана – Қостанай
Астана – Қызылорда
Астана – Орал
Астана – Өскемен

Астана – Павлодар
Астана – Петропавл
Астана – Семей
Астана – Жезқазған
Атырау – Ақтау



Халықаралық бағыттар

ТМД

Алматы – Баку
Алматы – Бішкек
Алматы – Мәскеу
Астана – Мәскеу
Астана – Новосибирск

Азия аймағы


Алматы – Бангкок
Алматы – Бейжің
Алматы – Дели
Алматы – Дубай
Алматы – Куала-Лумпур
Алматы – Сеул
Астана – Дубай
Астана – Үрімші

Европа аймағы

Алматы – Ыстамбұл
Алматы – Лондон
Астана – Ыстамбұл
Астана – Франкфурт
Атырау – Амстердам
Атырау – Ыстамбұл
Орал – Амстердам

Маусымдық бағыттар

Астана – Анталья
Алматы – Анталья
Қостанай – Ганновер



ii. Әуе компанияның 2009 жылдағы әуе кемелер паркі

| Өндіруші | Моделі | | Саны |
|----------------|------------|--|-----------|
| Эрбас | A319-132 |  | 1 |
| Эрбас | A320-232 |  | 7 |
| Эрбас | A321-231 |  | 2 |
| Боинг | B757-200 |  | 4 |
| Боинг | B767-300ER |  | 2 |
| Фоккер | F50 |  | 5 |
| Барлығы | | | 21 |



iii. Өкілдіктер

ТМД аймағы

1. Баку, Әзірбайжан

Баку қ., AZ-1065,
Дж. Джаббарлы к-сі, 44
Телефон: +994 (0)12 497 49 96

2. Мәскеу, Ресей Федерациясы

Мәскеу қ., 125047, 3-ші
Тверская-Ямская к-сі,
26-үй, 2-кеңсе
Тел.: +7 (495) 980 24 30; 251 16 05

Азия және Таяу Шығыс

3. Бейжің, Қытай Халық Республикасы

Air Astana Beijing
Office 517, 50 Liangmaqiao Road,
Chaoyang District, Beijing,
100016 PRC
(Kempinski Hotel,
Beijing Lufthansa Centre)
Тел.: +86 1064651030, 64665067

4. Сеул, Корея Республикасы

Air Astana Seoul
3rd Floor, Donghwa B/D, 58-7,
Seosomun-Dong, Chung-Ku, Seoul
Тел.: +82 (0)2 3788 0211

5. Үрімші, Қытай Халық Республикасы

830000, Xinshi district,
Yingbing Street 46
Training Centre Airports Partnership
Office 513

6. Дели, Үндістан

Air Astana Delhi
207, N-1, BMC House, Middle Circle,
Connaught Place, New Delhi 110001
Тел.: +91 11 41521425, 23711225

7. Дубай, Біріккен Араб Әмірліктері

Air Astana Dubai, Dnata Travel
Centre, Sheikh Zayed Road, Ground
Floor, Dubai, United Arab Emirates
Тел.: +9714 3166572/573

Еуропа аймағы

8. Франкфурт, Германия Федеративтік Республикасы


Air Astana
c/o Aviareps AG
Hessenring 32, 64546
Mörfelden-Walldorf
Тел.: +49 (0) 6105 206022

9. Ыстамбұл, Түркия

Air Astana Istanbul City Office
Cumhuriyet Cadd. 95-97/1,
Bingul Han.,
Elmadag, Bingul Han, Taksim
Istanbul, Turkey
Тел.: +90 (0) 212 343 49 60/61

10. Лондон, Ұлыбритания

Air Astana Ticketing Office
52, Grosvenor Gardens
London SW1W 0AU
Тел.: +44 20 7333 0196



«Эйр Астана» АҚ тіркелген мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
050039, Алматы қаласы
Закарпатская көшесі, 4а
Телефон: +7 (727) 258 41 35
Факс: +7 (727) 259 87 02

www.airastana.com

Осы жылдық есепті рәсімдеу үшін пайдаланылған ою-өрнектер мен олардың сипаттамалары ашық қайнаркөздерден икемделіп алынды.

Осы жылдық есептегі ақпаратты қолданған жағдайда сілтеме көрсету міндетті.